

П И О Н Е Р



Июнь

1956 ЖЫЛ
АЛМАТЫ

№ 6



Жайлауда. Оқушылар каникулда көңілді демалды.

Фотоэтиюд Редьконікі.



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 6
ИЮНЬ
1956 жыл.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 18 жыл.



М. Горький атындағы балалар үйінде тәрбиеленуші оқу отличниктері (солдан оңға қарай) отырғандар: Качаткова Г., Қоқанаев, Ибрагимова; тұрғандар: Жабыкова М., Сабырбаев К., Жабыкова Ж., Ниязбеков Г., Тайшақанова Р.

БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

И. Разбеков.

Мереке жақындаған сайын Жақияның столының үсті хат пен телеграммаларға тола бастады. Жақия кең кабинетінде, электр шамының жарығында келген хаттарды асықпай оқыйды. Олар Семейден, Алматыдан,

Москва мен Украинадан және тағы басқа жерлерден келген. Бүгін оқып бітер емес. Әрбір конверттің ішінде қуанышты хабар бар, оларды оқығанда Жақияның көзі күлімдеп, кеудесін қуаныш керней түседі.




Мотор үйірмесінде.

...Көкпекті ауданындағы Максим Горький атындағы балалар үйі 1932 жылы құрылды. Осы 24 жыл ішінде балалар үйі көптеген балаларды тәрбиелеп, оларға білім беріп өсірді. Олардың көбі қазірде институт бітіріп, партия, совет қызметтерінде болса, ал қайсы біреулері тәрбиеші, инженер.

— Осында тәрбиеленген жастардан біз мақтан ететіндері аз емес,— дейді Шайжүнісов.

Онысы рас та.

Көкпекті совхозында ферме меңгерушісі болып істеген Раев Бумар 1946 жылы Еңбек Ері атағына ие болды. Ол қазір Жарма ауданындағы «Красный Скотовод» совхозының директоры. Алдашев Канабек Алматыдағы мемлекеттік консерваторияны бітіріп шықты. Медведев Владимир Томск қаласында поли-



Ағаш ұсталығы цехында.

техникалық институтты бітірген, Сталинск қаласында инженер. Ағайынды Турновтар физкультура институтын бітірді. Ахатов Төлеш Москва қаласында Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясында оқыды, Қалымжанов университетте, Әбілмәжінов ауылшаруашылық институтында оқып жүр.

Қандай қуаныш! Қандай бақыт!

Горький балалар үйінде быйыл 172 бала тәрбиеленеді. Оның 161 оқыйды. Өткен жылы Қытай Халық республикасынан 8 бала келді. Олар да оқып жатыр. Өткен жарты жылдықта 8 бала отличник болып шықты. Оның ішінде Қытайдан келген 1-класс оқушысы Ибрагимова Ділдәш бар.


— Ділдәш орыс класында оқыйды. Ол алғашқы келгенде орысша білмеуші еді. Бірінші тоқсанда екілік баға да алып қалды. Жолдастарының көмегімен Ділдәш екінші тоқсанда отличниктер қатарына қосылды,— дейді Наталья Андреевна.

Балалар арасында коллективтілік, достықтық сабақ отличниктері өздерінің жолдастарына көмектесіп отырады. Сабақты бірлесіп даярлайды. Оған тәрбиешілер басшылық етеді.

Әр группада актив бар. Олар балалардың сабаққа дайындалуын, тәртіпті, тазалықты бақылап отырады.

Мұнда тек қана онжылдық білім беріліп қоймайды. Онымен қабат балалар түрлі өнерге баулынады. Ол политехникалық оқу арқылы үйретіледі. Балалар үйінде политехникалық оқу жақсы жүреді. Слесарьлық, столярлық, тігіншілік, етікшілік, т. б. мастерскойлар бар. Тігіншілікте 24, етікшілікте 16, столярлықта 18 бала оқытылады. Өздері үйреніп жүрген мамандықтарын балалар әбден сүйеді, бар ынталарымен үйренеді.

Тігіншілік мастерскойының мүшелері өткен жылы 1600 дана әр түрлі киімдер тікті, төсек жапқыш пен жастық тыстарын әдемі оюлармен әшекейледі. Солардың ішінде Крин Ирма, Рахымбековалар өз істерін меңгеріп алды. Олар балалардың қандай киімі



болса да өздері пішіп, өздері тіге береді. Етікшілер мастерскойындағы балалар да жақсы шеберленген. Олар былғарыдан 140 пар аяқ киім тікті.

Столярлық мастерскойыдағылар тамаша табысқа жетті. Стол, орындық, тумбочка секілді жабдықтарды өздері жасап алады.

Жоғарғы класс балалары автомашинаның, ауылшаруашылық машиналарының, электр моторларының, мотоциклдың құрылыстарын үйренуде.

Балалар үйінде өздерінің телефон коммутаторы бар. Коммутаторда жоғарғы класс оқушылары кезекпен қызмет істейді. Балалар үйінің барлық корпустары, асхана, кітапханалары телефондандырылған. Балалар үйінің өзінің электр станциясы бар. Электр жөнінде мектепте оқығандарын балалар көзбен көріп үйренеді.

— Радио торабын да алдық,— дейді Жақия.— Балаларды радио ісіне үйретеміз.

Балалар үйінде көптеген үйірмелер де бар. Сабақ, әсіресе, музыкалық үйірмеде жақсы жүреді. Онда балалардың сүйікті оқытушысы Шафиев сабақ өткізеді. Шафиевті балалар әкесіндей жақсы көреді. Музыканың қай түрін болмасын балалар өздері ойнай алады.

Балалар үйінде тәрбиеші ерекше орын алады. Олар оқытушы да, тәрбиеші де. Тәрбиешілердің ішінде Сомова Р. П. тәрбие беру жұмысын жақсы атқарып келеді. Ол балалардың сабақ даярлауына жалықпай жәрдемдеседі.

Балалардың жатын орны, тұрмысы жақсы. Жатақхананың өзі 5 корпус, 260 орындық клуб, кітапхана бар. Корпустардан реттеп, қатарлап қойған койкаларды және таза жапқышпен жабылып, біркелкі жыйналған төсектерді көресіз. Төсек араларына төселген кілем ерекше сән беріп тұрады. Әр корпусты сабақ даярлайтын жеке, үлкен бөлмелер бар.

Балалар үйін аралаған кезде көзіңізге көшеде бос жүрген бала түспейді. Онда, не ұзын бойлы, еңкіштеу келген қарт музыка-




Тігіншілер мастерскойында.

шы Шафиевтың музыка үйретіп отырғанына, не жас тәрбиеші Ивановтың машина механизмдерін үйретуіне немесе Сүйіндіков қарттың столярлық жұмысты көрсетуіне кез боласыз.

Максим Горький атындағы балалар үйінің өмірі Совет еліндегі бақытты балалық шақтың айғағы. Мұнда жас буын ешнәрседен қам жемейді, оқу оқыйды, өнер үйренеді, ән шырқап сауық құрады. Бұл ұядан ұшқан темір қанат балапандар колхоз даласында, фабрикаларда, заводтарда адал еңбек етіп аялап өсірген Отанның ақ сүтін ақтай береді.

Горький атындағы балалар үйінде тәрбиеленуші жастар өздерінің бақытты өмірі үшін партия мен Совет үкіметіне алғыс айтады.



Егеубай қарт оқушылар ортасында.

Көкпекті ауданы.



ЖЕТІМЕК

М. ГОРЬКИЙ.

Тұман бүркеп, жаңбыр сіркіреп тұрған күнде, бір топ адам мыйы шыққан лас жерде, зияратқа кірер қақпаның аузында тұрып алып, арбакештермен келісе алмай даурығып жатты. Жыйырма бес тыйыннан сұраған арбакештерге тырсыйған, ұзын священник:

— Он бес тыйын! — деп жуан дауыспен дүңк етті.

Священникті қоршалаған төрт қатынның бірі:

— Туһ, неткен ұятсыз едіңдер! — деп арбакештерді тілдеп тастады. Бір әйел қолшатырын священниктің басына көтеріп, ал өзі дым бүріккен сілемік жауыннан қорғана, ананың қолтығына кіре түсіп еді. Священник:

— Бибі, сабыр ет, өзің маған тығыла бермеші! — деді оң қолын жоғары көтере өктем сөйлей, — Сонымен он бес тыйынға апарасыңдар ма, жоқ па?

— Туһ, неткен нысапсыз едіңдер! — деді бибі қынжылып, лас жерді тықыршый басып.

Әйелдің дөп-дөңгелек үлкен көзді арық жүзі де ызамен дуылдады, ол тап бір қаша жөнелетін кісідей, түре көтеріп алған юбкасының етегінен өзі тынышсыздана тартқылап қояды.

— Бұл арадан қай бір қашық жер? — деп ол басын шайқайды, ойлап көрсеңізші, сондай-ақ қай бір қашық жер?

Ал, арбакештердің тіпті ойлағысы да келмейді. Олар козлада ырғалақтап отырған күйі делбені қайта-қайта тартқылап, бірінің сөзін бірі бөліп, дабырласып жатты.

— Ғапу етіңіз, қазірет! Саудаласып қайтесіз, бибі! Отырыңыздар! Оның үстіне, марқұмның топырағы торқа болуы үшін...

Қолына крес ұстаған псаламщик, дьякон және үлкен шәлі жамылған тағы бір үш әйел арбакештердің дүниеқорлығына күйініп кетіп, сауданың қыза түсуіне олар да жан салды. Олар зыяратқа кіре берісте тұрып ап, қатты көркілдеседі, бейне оларды тезірек қуғысы келгендей, суық жел де ызғырығы қорымның тас қорғанына жабырқаңқы рең беріп тұрған қайың мен жөке ағашын сілкінетеді, бұтақ басынан аналардың иығына ірі-ірі жаңбыр түйірлерін сіркіретеді...

Алба-жұлба, лас, су киімді қайыршылар бұл адамдарды қоршап алған, олар дорбиған аяқ киімдерімен батпақты шашырата басып, ана кісілерді мезі ғып:

— Күдай үшін.

— Марқұмның иманды болуына мезірет!
— Өлі аруақ үшін...— деп қыңқылдайды.
— Ойпыр-ай, неткен қанағатсыз едіңдер! — деді бибі қолшатыр астынан басын созып.— Бәтір-ау, сендерге беріп еді ғой... Бір-бір крендальдан алған жоқ па едіңдер... Тух, тух! Қандай ұятсызсыңдар!

Мойнын төмен сұлық салып тұрған төрт ат, дір етіп денесіндегі суды сілкіп жіберді де, өздері етене боп алған зекуді, не бишіктің сарт ете түсуін күткендей, қожаларына көз қыйығын тастап қояды.

— Қазірет! — деді бір арбакеш батылдана сөйлеп,— жыйырма бес тыйынға апарып тастауға көнесіз бе?

— Он бес тыйын...— деп қазірет басын шайқады.

— Тәңірім-ай, неткен...

Бірақ, поп әйелінің аузына алған сөзін аяқтауға үлгіртпей, арбакеш бишікпен атты тартып қап жөнеле берді. Өзге арбакештер делбелерін қаға бастады.

— Жә, жарайды! Жә, әкел! — деді священник қолын сілтеп. Жыйырма тыйыныңақ әпкел! Бибі, сен мынаған отыр... Дьякон әкей, сен де мін! Бәрің де отырыңдар... Тәңір оңғарсын, жөнел!.. Тоқта, тоқта! Ау, әлгі... Немерем қайда?

— Ау, бибім-ау! О қайда? — деп поп әйелі де үрейлене дауыстап жіберді.

— Арбакеш, тоқтай тұр! Дьякон әкем-ау, бұ қалай? Қатындар-ау, қайткендерің! Көздерің қайда? — деп священник қатулана сұрады.

Жеңіл арбаға орналасып қойған әйелдер сасқалақтай күңкілдесіп, лас жерге түсе бастады. Дьякон да арбадан қарғып түсіп:

— Неткен... сұмпайы еді! — деп тұнжырай міңгірледі.— Тегі, қабыр басында қалған болар... Яков имам, сіз қам жемей кете беріңіз, мен Кирилмен қалайын... Баланы біз өзіміз апарармыз...

Дьякон етегін көтеріңкіреп ап, аяғының астына үңіле қараған күйі зиярат қақпасына қарай жүрді.

— Я, я, өйтпейінше бола ма? — деді священник мол киімінің бір жері доңғалаққа тиіп кетпеуіне зер сала, арбаға отырып жатып,— Баланы табу керек... Оның өлім-жітімі менің мойнымда... Арбакеш, жөнел! Дьякон әке, оны қабырлардың арасынан... молалардан іздегейсің!

Екі арба салдырлай жөнел берді. Алдыңғы арбада әйелі мен священник, соңғыда үш әйел отыр, ал псаламщик мінген үшінші ар-

ба қақпа алдында тұрып қалды. Псаламщик үлкен кресті аяғына қойып, құшақтап, кеудесіне қысты, сонан соң қолын пальтоның жеңіне сұғып, жаңбырдан қорғанып басын сол иығына таман қыйсайтты. Қайыршылар да кенет ғайып боп кетті, бейне батпақ жұтып, зым-зыя жоқ қып жібергендей.

— Мә, саудаласқан керек болса... Әлденені күтіп, менің енді тұруым керек...— деді арбакеш жөнеліп бара жатқандардың соңынан қарап тұрып. Псаламщик жауын астында сарсыла күткенге наразы болса да, үндемеді.

— Кімді жоғалттыңдар? — деді арбакеш аз кідірістен кейін.

— А, оның саған не көрегі бар?

— Маған ба? Түкке де... тек, мына, күтіп қалғанымды айтам...

— Я, күтесің де! — деді псаламщик түйіліп.

— Әрине, күтемін... Дегенмен, кемпір марқұмның дәймін-ау, есітемісің, ақшасы болыпты ғой...

— Болса ше?..

— Онысын кімге қалдырды екен?

— Саған болмас...

— Маған болмасы белгілі... Маған болса, мен сұрамас та едім... Шіркеуге қалдырып па, әлдеқалай екен деп сұраймын да.

— Немересін тәрбиелеу үшін біздің священникке қалдырған,— деді псаламщик, жаңбырдан бұға түсіп.

— Солай де! — деді арбакеш. Осыдан кейін ол кемпірдің немересі естияр ма, оған



қанша ақша қалдырды екен деп сұрап еді, бірақ псаламщик жауап бермей қойды.

— Басқа бір лажын таппай, біреудің тәрбиесіне қалдырғанына қарағанда, немересінің жас болғаны ғой,— деп арбакеш ойын ашық түйді.

Осы кезде ат құйрығын серпіп қалып еді, ол атты боқтап, делбемен шыпқыртып жіберді де, үнсіз шегіп қалды. Жаңбыр сілби жауып тұр, ал жапырағынан айырылған теректердің су-су, сояу бұтақтарын жел қалтыратып, ызыңдап шер төгеді.

Зиярат арасында, қыйсапсыз көп крестің бірінің түбінде жылап-жылап беті ісіп кеткен бір кішкентай бала тұр, жұдырықтай боп бүріскен бала көз алдындағы төмпешікке — тап жаңа ғана күрекпен тапап, дымқыл, жас топырақ үйген төмпешікке үнсіз, телміре қарап қапты. Түйіртпек кесек қабырдың төбесінен сусып, жайлап сырғып кеп, баланың аяғының жанына түсіп жатыр. Бала сырғыған кесектерге көзі жаудырап, мұңая қарап, ақырын күрсініп қояды. Зияраттың бұл шетіне бір өңкей жарлы-жақыбайлар жерленген еді, бұл арада бірде бір құлпы тас жоқ, баланың маңайында терек те жоқ; тек қара түсті, көк түсті, ақ түсті, қайсы бірі боялмаған, түбі шіріп, қыйсайып кеткен жай ағаш крестер ғана қалқыяды — бәрі де су-су боп меңіреу жым-жырт тыныштыққа батқан. Бала үлкен қара креске сүйенген күйі жас қабырға мелшиө қарап қалыпты, жаңбырға езіліп, қоңырқайлап қана жатқан осы бір дымқыл төмпешіктен басқа ештеңені көрер емес.

Баланың сабалақ түкті, қара пальтосына күміс қыйқымындай жаңбыр сіркелері қонған, оның қасіретті беті де су-су. Қолы қалтасында, басы төмен салбырап түсіп кеткен. Дөңгелек бөрік астынан сарғыш шашы жалбырап, оң жақ самайына жабысып қалған.

Аза айғағындай осы қалың крестің арасында құлазып жападан-жалғыз қалған баланың қасіретке толы өңі қу шүберектей. Дьяконның да жүрегін қозғады, Дьякон болса оның осы жауында молалардың арасына кіріп жоқ боп кеткеніне ту баста қатты ашуланып кеп еді.

— Ау, Петрунька, сен мұнда неғып тұрсың? — деді де, Дьякон оның қолынан алды. — Біз сені іздеп жүрміз... Жұрт кетіп қалды! Жүр...

— Қайда? — деді бала ақырын ғана.

— Яков қазіретке... Сен енді сонда тұратың боласың... Сен жылама. Бұ да құдай ісі. Сенің көз жасыңа құдай көрін төгуі мүмкін... Әрі, сенің әжең кәрі кісі еді ғой, ал адам баласының бәрі де өлмек. Айы жеткен айында, күні жеткен күнінде дегендей... Сен де, мен де — әммәміз де өлеміз!

Ол баланы қолынан жетелеп келе жатып, калошы батпақта қалып қоя ма деп, бір жағынан жалтақтап болды. Балаға қанша жылы сөйлегісі келсе де, көңілі алаңдап, ойы бөліне береді; үйткені калошымды жоғалтып алам ба деген қорқыныш жетім балаға деген мейірімін бөле берді. Жабырқау сөзден көңілі жабыққан бала жасын жұтып, тістеніп алған, адымдап, тез-тез басқан Дьяконның соңынан дедектеп жүгіріп келеді.

— Ештеңе емес,— деді Дьякон оның кескініне көз қырын тастап қойып,— Яков имам — жақсы кісі... Сен Мишуткамен, Зоямен ойнап... Әлі-ақ көңілденіп кетесің... Солай!

Бала көзі қап-қара, пысықша, қараторы қызды көз алдына әкелді. Қыз бұған мұрнын шүйіріп, секектеп жүріп:

— Сары-сары саржалақ,

Шегі үзілген саржалақ,

Отпен кірген саржалақ,

Күлмен шыққан саржалақ,— деп даусын соза әндетіп, бұны мазақтап беретін.

— Мен Зояны жек көремін,— деді бала мұңайып.

— Е, ол түк емес!.. Бір бөлмеде тұрғаннан кейін әлі-ақ жақсы көріп кетесің...

— Жақсы көрмеймін...

— Қой... Оның жарамайды...

Бала көз жасына булыға жылады.

— Әй... Жетімек-ай! — деп Дьякон оған қарап бір күрсініп қойды.

Арбакешке келген соң Дьякон баланы псаламщиктің тізесіне жайластырып отырғызды да:

— Берік отыр!.. Үйге барған соң шай ішеміз...— деп, қызықтырып қойды.

— Шу, арам қатқыр! — деп қалды арбакеш атына. Тас көшеге түсіп ап селкілдеп тартқан арба тұман мен жаңбыр тұтқан пердені жарып келеді. Тұман арасынан қалқып шыққан үйлер балаға жанарсыз үлкен көзін қадап, әлдеқайда ақырын ығып бара жатқандай. Баланың жүрегі кеудесіне сыймай, торыға суынып алған еді.

Аударған Ә. НҮРПЕИСОВ.

Москва.



Берік киген түлкі

С. Бақбергенов.



II

Жас кезімде әжем айта беретін бір ертегі-аңыз әлі есімде...

... Ертеде бір жолаушы Қаратауды бектерлеп жүріп келе жатса, жалғыз түп қызыл тобылғының түбінде бір қызыл түлкі жатыр екен дейді. Жолаушы өліп қалған түлкі екен деп ойлайды. Ол аттан түспестен ойланып біраз тұрады.

«Қошақанның терісінен істеткен бөркімнің төбесі тесіліп, қыста басым тоңып жүруші еді. Мына түлкі жақсы болды-ау» — деп ойлайды да, дауыстап:

— Тымақтың іші мұнан табылды, ал сырты қайдан табылар екен! — деп аттан қарғып түсіп, түлкіге тап бергенде, бағанадан бері бұйығып, ұйықтап жатқан түлкі оянып, ата жөнеліпті. Жолаушы «қап» дегендей, азкем аңырып, өкініп қалады да, атына қайта мініп, түлкіні қуа жөнеледі.

Түлкіні жолаушы қуып келеді, түлкі қашып келеді, қашып келеді.

Жолаушының аты әбден шаршап, болдыруға таянғанда, түлкі де шаршап, әрең дегенде ініне келіп еніпті.

Жолаушы аттан түсе қалып, беліндегі кішкене шотымен інді қаза бастайды. Інді қаза-қаза шаршап, дем алып отырғанда түлкі інінің екі ауызы болады деген аңшылардың әңгімесі есіне түсе кетеді. Ол орнынан тұрып қараса, шынында да, іннің тағы бір ауызы бар екен. Мен мына жағын қазып жатқанда, анау жағынан шығып, түлкі қашып кетпесін деп, жолаушы екінші іннің ауызына төбесі тесік бөркін тыға салады.

Жолаушы інді емін-еркін қаза бастайды.

Ол інді ортасына дейін қазып бола берген кезде, түлкі іннің екінші ауызынан, жолаушының төбесі тесік бөркін мойнына ілеміле ата жөнеледі.

Іннен шығып, ата жөнелген түлкіден үркіп, жолаушының аты да қаша жөнеледі.

Түлкіден де, аттан да, бөріктен де айрылып жүрдай болған жолаушы айдалада аңырып тұрып қапты.

Түлкі тымақ киемін деп жүріп, елтірі бөркінен айрылған жолаушы атын әрең дегенде ұстап, жалаңбас ауылына қайтыпты.

Берік киген түлкі Қаратауды бектерлеп жорытып келе жатса, қоян қарсы жолығыпты. Бадырақ көздері одан сайын шарасынан шығып, аңтаң болған қоян аңырып тұра қалады.

— Неменеге таңданасың?

— Несіне таңданбайын. Өзіміздің түкең дейін десем бөекін бар, адам дейін десем, бұлаңдаған құйрығың бар. Енді кім дейін?

— Жаңылған жоқсың, бөрік кигенім болмаса, сол бұрынғы түкеңнің өзімін!

— Я, бөрікті қайдан алдыңыз?

— Есебін тапқан ерден, қайдан алдық дерің бар ма? Бір сөзбен айтқанда, осы сапарымда адаммен дос болып қайттым... Ол енді түлкі баласына тимейтін болды, термізден тымақ істеп кимейтін болды.

— Апырай-ә, адамға қалай бардыңыз, қалай сөйлестіңіз?

— Саған әжептеуір айуан екен деп әңгіме айтып тұрсам, жаным-ау, көзің қылыйып ап, нағыз мылжыңның өзісің ғой.

— Түке, ашуланбай айтсаңызшы, бізге де жан сақтауға болар ма екен?

— Сенің жаныңда менің жұмысым жоқ, адам енді қайтып түлкі баласына тимейтін болды, одан тымақ кимейтін болды. Адам екеуміз дос болдық. Достықтың белгісі деп ол маған қошақан терісінен жасаған бөркін берді, — деп түлкі жөніне жүріп кетіпті. Содан бері қарай түлкілер аңдарға біз адамның досымыз деп лақап таратады...

Содан бері қарай қоян да адаммен дос болуды көп аңсайтын көрінеді. Бірақ, адам оған жылы шырай бермейді екен. Кездесе қалғанда ай-шайға қарамай, алдына салып қуа жөнелетін көрінеді...

Қарт әжем әңгімесін аяқтай келіп:

— Сол бөрік киген түлкінің ұрпақтары Қаратауда, осы біздің Шилі өзен мен Канымсай бойында әлі бар! — деуші еді.

Балалар тағы айта беріңіз деген соң мен лажсыздан ертегіні жалғай бердім.

— Бөрік киген түлкі бір күні аш қасқырға тап болыпты. Қарыны ашып, не істерін білмей аласұрған қасқыр қасынан жорытып өте берген түлкіні желкесінен ала түсіпті.

Талай-талай қысылшаңнан жол тауып құтыла білген қу түлкі бұл ретте де саспапты.

— Қасеке-ау, мен сізді іздеп келе жатыр едім, жолыққаныңыз жақсы болды ғой. Желкемді босата тұрыңызшы, әңгімемді айтайын.

Қасқыр түлкіні босатыпты да:

— Ал, айт әңгімеңді тезірек! — деп бұйырады.

— Мына Қаратау өңірінде арыстан мен жолбарыстың жоғын өзіңіз де білесіз, ал осындағы аң біткен сізді өзіміздің қожамыз, біздің иеміз деуші едік. Жақында осы таудан жолбарыс түстес бір тарғыл аң көрдім. Ол «Мен осы таудағы аңдардың патшасымын» деп жар салып жүр... Онысы қалай?.. Меніңше, осы таудағы аңдардың патшасы сізсіз. Біз сізді ғана білеміз...

— Ол не қылған аң екен?

— Мәлін,— деген бірдеңе.

— Көрсетші маған!

Түлкі аш қасқырды бастап, мәлінге әкеліпті.

Қасқыр мен мәлін бір-біріне айбат шегіп жатқанда, түлкі зытып тұрыпты.

Ол екеуінің қайсысының жеңгенін кім білсін. Түлкі, әйтеуір, екеуін ұрыстырып, таластырып кетіпті.



IV

— Әжемнің ертегі осымен аяқталды! — деп едім.

— Жоқ, біткен жоқ! — деп балалар шу өте қалды.

— Енді несін айтайын? — дедім.

— Түлкінің балалары осы Қаратауда әлі бар дедіңіз ғой, енді солар туралы айтыңыз! Әжемнің ертегісін жалғай бердім.

Колхоздың орталығы Аққолтықтан екі шақырымдай жерде су диірмен болатын. Диірменді Қамбар атай күзететін. Оның тауықтары көп еді. Күн сайын Қамбар атайдың бір тауығы жоғалып кетіп жүрді. Көпке дейін тауықтың қайда кеткенін ешкім білмей қойды. Тіпті қамбар атайдың өзі қанша аңдыса да жоғалған тауықтың қайда, кім алып жүргенін біле алмап еді.

Қамбар атайдың тауықтарын ұрлайтын баяғы бөрік киген қу түлкінің өзіне тартқан бір баласы еді. Ол әшейінде таудағы қоян сыяқты аңқау аңдарға:

— Әкеміз марқұм адаммен дос болып, одан сыйға бөрік киген екен. Мен де сол әкемнің жолын қуып, адаммен достықты үзбесем деймін! — деп соға жөнелгенде басқа аңдар аузын ашып аң-таң қалатын.

Ол осы Қамбар атайдың тауығын біртіндеп ұрлап апарған сайын басқа аңдарға мақтанатын.

— Әкем түкеңнің ескі досы адаммен достықты жаңарттым. Тамақ іздеп көп сандалмай-ақ, қарының ашқанда келіп, тауықтың тәтті, семіз етіне тойып кетіп жүр деді. Мы-

нау сол досым берген тауықтың еті ғой. Ауыз тиңдер,— деп төс етін өзі ойып жеп, бас-сыйрағын басқалардың алдына қоятын.

Адаммен доспын деп аңдарды алдап, өзі адамға қастық етіп, тауығын ұрлап, қу түлкі біраз өмір сүріпті.

V

Қамбар атай көп аңдып, тауықтарын ұрлап жүрген түлкі екенін біліпті. Әбден кәнігі болып, Қамбар атайдың тауық қорасының барлық осал жерін біліп алған сұм түлкіден құтылудың бір-ақ жолы бар еді.

Ол жолды Қамбар атай көп ойлаған жоқ. Қақпанды әкелді де қораның түбіндегі кішкене тесіктің ауызына құрып қойды.

Түн жамылып жорытқан түлкі, ежелгі әдетінше ақырын басып, тықырын білдірместен қораға ене бергенде, қақпанның шаппасы аяғына шарт етеді.

Қу түлкі осылайша қолға түсіпті.

Басқа аңдар түлкінің соңғы сапарынан мүлде қайтпай кеткеніне көп таң қалыпты.

— Апырай, не болды екен? — депті біраз аңдар...— досының үйінде мүлде қалып қойды ма екен, әлде қасқыр мен мәліннің біріне жем болып кетті ме екен? — деп ойлайтын көрінеді.

Аңдар не десе о десін, Қамбар атай түлкіні сойып, терісін жақсылап иледі де, қалада тұратын келіндерінің біріне сәлемдемеге беріп жіберіпті.

Осыны тыңдап отырған балалар, енді қайтып бөрік киген түлкінің ұрпақтары туралы сұрамас үшін былай дедім:

— Осы күзде бірінші класқа оқуға барғанда, мұғалима апайдың мойнына салып жүрген түлкісін көрсеңдер,— нақ сол бөрік киген түлкінің баласының терісін көресіңдер!

16-ҚАТАР

әңгіме

— Апатай, босатыңызшы,— деді бір кішкене бала, көзі жыпылықтай, «неге осыншама қатты қағасың» — деп есікті арқасымен баса, ұнатпай қарап тұра қалған әйелге.

— Ақырын-ақ қағып ем әуелі, естімедіңіз, сосын... сосын,— деп күмілжіп қалды.— Аяғыммен бір-екі-ақ рет... Кешіріңіз.

— Кешіріңіз! Тыста бір де бала жоқ сенен басқа, бұл не тәртіпсіздік.

— Апатай, мен басқа қандай тәртіпсіздік жасадым? Бар болғаны аяғыммен... Әйтпесе, билетсіз емеспін, билетім бар,— деп жып-жылы алақанына қысып алған төрт бүктеулі көкшіл билетті жаза бастады.

— Сені билетсіз келді деп тұрған мен де жоқ. Атың кім өзіңнің?

— М-М-Марат,— деді бала.

— Ал, Марат, өзің қай уақытта келгеніңді байқап тұрмысың?

— Қай уақытта? Қазіргі жүріп жатқан балалар сеансы емес пе? Апатай, тезірек босатыңызшы, көп жері өтіп кетті-ау, жіберіңізші... Апатай!

— Тұра тұр, сен өзің әлі түсінбей тұрсың ғой...

— Түсініп тұрмын, апатай, жіберіңізші!

— Мен саған қай уақытта келіп тұрсың деп тұрмын. Кино қай сағатта басталушы еді. Қазір қанша? Үшінші қоңыраудан кейін ішке еруге болмайтынын білемісің?!

Контролер әйелдің айтқанына алғашқыда түсіне алмай қалған бала, енді, күліп жіберді.

— Ә, тәртіпсіздік дегенге, мен қандай бұзақылық жасаған едім десем, кеш келгенімді айтасыз ба. Бәсе...

— Әй, сен өзің не деп барасың. Тегі қоғамдық орынға тағайындалған ережені бұзуды тәртіпсіздікке санамайтын түрің бар-ау.

— Жоқ енді, апай, расында, мен қазір оншалықты ештеңе жасай қойғаным жоқ. Кеш келсем, ол үшін картинаның көп жерін көре алмай қалатын менің өзім, оған ешкімнің...

— Болмайды, кірмейсің ішке! Қазір тайып тұр бұл арадан! Маза бер!

— Апатай, апатай...

— Қара өзін, әрі кеш келеді, әрі тәртіпсіздігін мойындағысы келмейді.

Беті долыра қызарып, ішке еруге ыңғайлана бастаған ашулы контролердің жеңінен ұстай алған бала:

— Апатай, кешіріңіз, ендігәрі бұлай кешікпейін... Кешігіп, тыйшыңызды алмайын. Апатай, босатыңыз. Ақырғы рет... Бұдан кейін сұрамайын сізден. Апатай, жақсылық ете көріңіз,— деп үсті-үстіне жалына бастады. Контролер қайта бөгеліп, қыйыла түскен баланың жалынышты сөздерін қабағы бір керіле, бір төмендей тыңдап тұрды да, ақырғы рет шарт қоя сөйледі.

— Жарайды, босатайын, тек мойындаймысың тәртіпсіздігіңді?

— Мен бе... енді... мойындайын!

— Айтарын айтса да, Марат «Кеш келіп есік қаққанның ешқандай тәртіпсіздігі жоқ, ол тек кеш келген адамның өзіне ғана залалды» деген ойын, табалдырықтан аттай бере-ақ ішке ала енді.

Жіңішке басталып, далыя созылған көгілдір сәуле мол түскен экраннан басқа жер қап-қараңғы. Тынысы кең залды жаңғырықтыра шыққан репродуктордың дауысынан бөтен дыбыс жоқ. Арқасы биік орындықтардан мойындарын ғана асып көрінген қаз-қатар адамдардың бастары, біркелкі қадаған қара, түймелер тәрізді. Қыбыр етпейді.

Марат кірген бетте алдыңғы қатардағы орындарға қарай жылжый берді де бөгелді. Ол сыртта қарап алған орын санын ұмытып қалған еді. Қазір көгілдір сәулеге созып, бұлдырай көрінген билетінің бетіне тесіле қарай қалды.

Сол-ақ екен, әлгінде ғана сып-сыпайы отырған кино көрушілер шу ете түсті.

— Кім өзі мынау, тұрып алған...

— Былай тұр, көрінбей қалды...

— Тарт басыңды...

Төбесінен ұрғандай бұға қалып, алға қарай еңкейе басып жүгіре берген Марат бір қатарға келіп тізерлей қойды. Жан-жақтағылар күліп жіберсе, не қызық болды деп экранға жалт қарайды, біресе айнала қабырғаға қарап орнын іздейді.

Әлгідей емес, зал ішіне көзі үйреніп, отырғандар анық көріне бастады.

Аздан соң, айнала шолып қарап, өз қатарын да тапты. Енді ол орындарды санай бастады:

— Бір, екі үш... Сегіз... Оның көзі өзі беттеп келе жатқан қатардың ең шетіндегі, қалың киімді күржиген адамға тоқтады.



— Мұнысы несі, менің орныма отырып алғаны.

Марат не істерін білмей дағдарып қалды. Үп-үлкен адамды тұрғызып жатудың өзі қыйын-ау.

Репродукторда әлде бір оқыс дауыс гүр ете түссе Марат тағы да экранға еріксіз жалт қарайды. Бірақ, маңайдағы балаларға қанша қызықты әсер еткенмен, оған ендігі уақыттардың бәрі түсініксіз бола берді. Ол өз орнында отырған адамға көзін аударды.

Енді бір кез «қолымда, заңды билетім тұр, егер о кісіні тұрғызсам, оның қандай айыбы бар» деген ой келді Маратқа. Осы оймен, орнында отырған жаңағы адамның дәл қасына

келді. Әйтсе де, орын сұрауға батылы жетпей тұр. Бар болғаны, тіл қату үшін лайықты кезеңді күтіп, сол адамның қыймылын аңдумен болды. Жалпақ бет, салбырая түскен қалың бұғақты, денелі кісі мойнын бір иығына қарай қыйсайта түсіп, тар орындықтың оң жақ қалдайшасына шынтақтай отыр.

Мараттың жақын келгені сондай, оның демі құлағына анық естіліп тұр. Марат арттағыларға бөгет етпедім бе дегендей жасқана бұрылып, кейін қарайды.

Арада бірнеше минуттар өтті. Әлден уақытта ол сыпайы ғана.

— Ағай,— деді естілер, естілмес сыбырлап.

Битаныс адам қозғалар емес.

— Ағай, ағай,— деді тағы да. Бұл жолы алғашқысынан гөрі қаттырақ айтты.

Бірақ, ағай жауап беру орнына, жымыя күлді де орнынан ауыр қозғалып, екінші жанбасына ауыса отырып, мүлдем теріс қарап алды.

Мына қыймыл Маратқа ұнамағаны былай тұрсын, оның шамына тиді. Бағанағыдай емес, «мен үлкен адам деп сыйлап тұрсам, қара, мені баласынуын» деген ой жұқа танауын қусырып, қабағын түйгізе қойды. Лып келе қалған осы ашуының үстіне, артқы қатарларда отырған өзінен ересектеу бір баланың қолы созыла келіп иығына нұқый тимесі бар ма.

— Шыны емессің ғой, былай тұр!

Бірақ Марат оған қараған жоқ. Осының бәріне сен кіналысың дегендей, батыл қыймылдап, әлгі адамның иығынан тартты.

— Ағай, м-менің орныма отырғаныңыз қалай? — деді сөзін әрең құрап.

Күтпеген дауысқа жалт қараған ол, Мараттың айтқанын естісе де, бірден не дерін білмей ғап:

— О не, қарағым? — деді бұрылып.

— Ағай, мына сіз отырған менің орным еді. Кешігіңкіреп қалыппын,— деді өзін-өзі зорлай езу тартып, ғапу етіңіз деген ишаратпен.

— Ә, ә қой, балақай, о не дегенің. Мен ешкімнің орнында отырғаным жоқ. Өз орным,— деді экранға бұрыла беріп.

— Әй, бала, өзің кешігіп келесің де, үп-үлкен ағанды тұрғызып жібергің келетіні қалай, түрегеп тұрып-ақ көре бермейсің бе! — деді көрші отырған бір әйел.

— Е, бұл кісі өз орнына неге отырмайды? Біреудің орнына...

— Қарағым-ай, нансаң өз орным, байқамай тұрған боларсың, әлі де орныңды анықтап іздеші.

— Ештеңе іздейтіні жоқ: 10-қатар, 8-орын, деді Марат жұлып алғандай.

— Онда мен білмеймін, мүмкін кассада қателік болған болар,— деп әлгі адам отыра берді.

— Ағай, сіз тіпті, өзіңіз қызық екенсіз. Билетіңізді көрсетіңізші ендеше.

— Айналайын, дауыстамашы,— деді сыбырлап, әлгі битаныс.— Сенші менің айтқаныма. Мен жарықта келіп отырғанмын. Орным осы. Билетімді керексіз етіп жыртып тастап ем. Мына жұрттан ұят болды-ау.

— Енді ұят болса, менің жазығым қандай, өз орнымды сұрағаным ба?

— Сабыр етші, келісейік. Кел алдыма отыр,— деді былай да тар орынға екеуі отыру мүмкін болмаса да.

— Рақмет, сіз-ақ отырыңыз,— деді артына бұрыла берген Марат.

Марат аз жүре түсті де, қатардағы қабырғаға барып сүйенді. Экранда болып жатқан көрініске мүлдем түсініп болар емес. Оның көзі сонда болғанмен, ойы әлгіде тұр. «Бұл қандай арсыз! Үлкен адамдардың да арсызы бола береді екен» дейді ішінен күбірлеп.

— Ерегіскенде артына дейін тұрып, әдейі ұялтармын-ау.

Марат аздан соң картинаға қарауды қойды. Ернін жымқырған қалпы, ол бүгінгі істерінің бәрін сәтсіздікке жорыды. Осында келгеннен кейінгі контролермен арадағы болған жай, орынының бос болмауы— бәрі ерегіскендей кездесті бүгін деп ыза да болады.

Осы оймен тұрған ол, залдың іші жарқ ете қалғанда басын бір-ақ көтерді.

Осы бір сәт, бағанадан бергі ашулы кейіпті бірден өзгертіп те жіберді. Жалма-жан билетіне қараған Мараттың беті ду ете түсті. Өзінің аңдамай жасаған қателік ісіне қатты ұялған ол есікке қарай асыға ұмтылды. 10-қатардан тұра берген еңгезердей адам салмақты қолымен қапсыра ұстап алатындай сезінді.

Алды-артына қарамай зытқан бойы, үйіне де қалай жеткенін байқамай қалды. Келісімен билетіне тағы үңілді. Бұл жолы ол қателескен жоқ: 16-қатар 8-орын.



Сәкен Жүнісов.

Керемет қалам

Ертегі.

Серік пен Ерік түйдей құрдас, екеуі бір мектепке барып жүрді, бір класта оқыды, бір партада отырды.

Бірде, жексенбі күні, Серік пен Ерік серуенге шығады. Таулы-шатқалды жер екен, күн жотадан асып, еңкейе берді, биік асудың белімен желсіздегі сұлу күннің рауандаған қызыл шапағы нұрын төкті, көк торғын аспан әлемі тау қойнауына тігілген кең шатырдай көрінді. Құрбылар жақпарланған жартастың арасымен қалаға қайтып келе жатыр. Олар сөйлесе, бірге сөйлеп, күлсе ілесе күліп, тау іші жаңғырығып тұрды. Біраз жүргеннен кейін екі дос бір бүйірден кәдімгідей адам үнін естиді.

— Серік пен Ерік. Сендердің екеуіңнің де грамматикаға шорқақ екендеріңді жақсы білеміз. Біз сендерге көмектесіп жіберейік.

Балалар аңырысып тоқтай қалысты, елегізіп жан-жақтарына қарасты, әйтсе де, ешкім көзге шалынбады.

— Бұл кім болды екен? — деп Серік Ерікке қарады.

— Бізді келекелеп тұрған біреу болма-сын! Өзіміздің оқушылардың бірі емес пе екен? — деп Ерік екі ойлы сөйледі.

Әлгі үн екінші мәртебе естілді.

— Жоқ! Бұл сөйлеп тұрған балалар емес. Біз — керемет қаламдармыз. Бізді қолына алып жазған оқушы ешуақытта қате жібермейді. Біз ешбір қатесіз жазамыз!

Серік пен Ерік біріне бірі таңырқай қарасып, осы дауыс шыққан жаққа қарай еріксіз бұрылды. Екеуі біраз жүріп бір шұрық-шұрық биік жартасқа келіп тірелді. Оның бір қуысында алтын ұшты екі керемет қалам тұр.

— Ойпырмай, қандай тамаша қаламдар еді?! Міне, ғажап! Мұндай да қалам болады екен? — деп Ерік ендіге сөйледі.



— Бұл неғылған қалам? — деді Серік.

— Балалар, бізді алыңдар! — десті қаламның екеуі де. — Бізден қапы қалмаңдар. Бірақ естеріңде болсын, қанаттанып, қанаттанып, талпынбасаң, білім жоқ. Еріншектің ертеңі бітпес...

Ерік керемет қаламдардың біріне бірі байланыссыз сөздерін ұқпады, зейін де қоймады. Ол екі қаламның біреуін жартас жықпылынан жұлып алды да, қалтасындағы бір парақ қағазға жаза бастады.

— Мына қара, Серік! — деп. Ерік аптыға сөйледі. — Қандай тамаша! Ана қаламды сен ал!

— Дәтім бармай тұр... Ұят қой, — деп жауап берді Серік.

— Торғайдың ақылындай да ақылың жоқ екен өзіңнің! — деді Ерік мұрнын тыжырып. — Өмір бойы өкінерсің. Ертең-ақ опық жерсің!

Серік пен Ерік оқыйтын класта келесі күні диктант жүріп жатты. Ерік мұғалімнің дәптерді қайтарып беруін асыға күтті. Керемет қаламның ғажабына әлі оның көзі бекем жете қойған жоқ.

Керемет қалам Ерікті алдамады. Диктантан ол бестік баға алды. Бұрын ылғый әрі баттастырып, әрі әріп қателерінен бес алмай өте жаман жазатын Еріктің мұнысын көріп шәкірттер аң-таң болысты. Бірқатары оны мақтап: «Ерік өрледі» десті. Серік бұл жолы да диктант үшін нашар баға алды. Оның еңсесі түсіп, бұрынғысынан да бетер қапаланып қалды.

Ерік кеудесін қағып төкаппарлана бастады, тіпті ол Серікті табалап, ызаландыра беретін де болды.

— Керемет қаламды алғың келмеп еді, қалай екен, бәлем...

Ызаланған Серік Еріктің жалқаулығын, еңбектенгісі келмейтінін, піскен тарыға тауық болып, керемет қаламның күшімен ғана

жақсы баға алып жүргенін жолдастарына айтқысы келді. Бірақ ол әлдеқандай бір керемет қалам бар, соның күшімен жазып жүр дегенге ешкім илана қоймас, тек көре алмай, қызғанып, іші тарлықтан айтып жүр-ау деп ойлар деп үндемеді.

Күндер өтті, апта, ай өтті. Ерік тіл, әдебиет сабақтарын мүлдем оқымай қойды. Тіпті ол математиканың да тағдырын керемет қаламға артты, бақылау жұмыстары мен диктанттарына бестік баға ала берді.

Серік табандылықпен оқый берді, жаттығулардың бәрін үздіксіз орындауға ыждаһат салды.

Демалыс күндерінің бірінде оған Ерік келді.

— Күні-түні бас көтермей сабақ оқуды қашан қоясың? Бәрі-бір сонда да бестік алып жатқан жоқсың.— деді Ерік мен-менси сөйлеп.— Жүр, одан да коньки тебейік.

— Жоқ, сабағымды бітірмей ешқайда бара алмаймын,— деді Серік.

— Бармасаң, жалынарым жоқ. Сенсіз де жол таба аламын,— деп Ерік үйден шығып кетті.

Серік бірте-бірте қыйындықты жеңе берді, үшінші тоқсанда диктантты тәуір жазды. Серік бұған қатты қуанды. Әрине, бұған оның әке-шешесі де, мұғалімі де қуанды. Бұл қуаныш оны жігерлендіре түсті, ол енді сабаққа онан сайын ықласты әзірленетін болды...

Жарқырап көктем келді, көктеммен бірге шәкірттердің білімін сынайтын емтихан да келді. Емтиханның қоңырауы қағылды, шәкірттер тап-тұйнақтай боп орындарына отырысты. Бұлардың ішінде Серік пен Ерік те бар, әрине. Класқа ассистентін ертіп мұғалім кірді. Ол шә-

кірттерді емтиханның басталуымен құттықтап, оларға сәттілік тіледі. Шәкірттер дәптердің таза парақтарын алып, бірінші бетіне өздерінің фамилиялары мен есімдерін жазып қойды.

Кенет Еріктің өңі ақ шүберектей қуарып кетті. Ол әр жерін бір түртініп, бірдеме іздей бастады. Оның денесі біресе қалтырап, біресе екі беті дуылдап қоя берді. Қолдары да қалт-құлт етті. Еріктің қалтасында керемет қалам жоқ боп шықты. «Өзім емтиханның ойнап-ақ өтемін» деп кеудесін қағып, әлігінде ғана турникке асылғаны есіне түсті.

— Сыртқа шығып келуге бола ма?! — деп өтінді Ерік мұғалімнен. Ол қолын солғын көтерді, оның даусы да бәсең шықты, жалыншақтап, булығы, қысыла сөйледі.

— Шығып келе ғой! — деді мұғалім Ерікке не болғанын біле алмай.

Ерік басын ұстап, турникке қарай жүгірді. Бірақ ол жерде керемет қалам болмады. Ол бұрынғысынан да сұрлана түсіп, класқа кібірткітеп қайта кірді. Еріктің екі иығы салбырап кетіпті, ол тым енжар отыр, екі көзін партадан алмады, біреу өзін орынсыз қатты кейітіп, ренжіткендей...

Мұғалімге Ерік қаламын жоғалтып алғаны мәлім болды, сондықтан да диктант жазу үшін оған столдан қалам әперді, бұл керемет қалам емес, кәдуілгі жай қалам еді, еңбек сүйгіш, білгір қолда бұл қалам да керемет қалам еді.

Серік диктантты байсалды отырып, еркін, әрі жете түсініп жазды. Ерік әрі үрейленіп, әрі ештеңенің байыбына бармай қысылып, қыйналып жазды. Емтихан диктантынан Серік бес алды, ал Ерік...

Ерік қатты қынжылды, «жалқаудың ертеңі», «еріншектің ісі бітпес» деген нақылдың мәнісін ол енді ғана есіне түсірді.

Ж. Бектұров. Н. Мазняк,



БАЛАПАН

Бір балапан, шақырған
Көрді дағы қоразды,
Ұқсаймын деп ол соған,
Қанаттарын мол жазды.
Достарынан сон қалып,
Дегендей-ақ ерекпін,

Күжірейіп, қомданып,
Қонды үстіне шелектің.
«Мықтысынып» өзгеден
Созды мойнын ол оқыс
Дәл осы сәт әуеден
Шүйілді кеп кара құс.

Іліп кетті-ау десек біз
Сол шүйілген өр екпін,
Балапан сау.

Кұржыйып
Ішінде отыр шелектің.

Т. Бериояров.

Жібектің

Бір жылы көктемде Жібектің әкесі Қозыбай Бұғылы-Тағылы тауындағы қалың орманнан бір тарғыл аңның баласын алып келді.

Әкесінің әкелген сыйлығына Жібек қатты қуанды.

— Жүнің қандай жұп-жұмсақ еді! — деп Жібек оның арқасынан сыйпады.

Бұл кішкентай тарғыл аңның қауқыйған жүні болмаса, үлкендігі Жібектің ойыншық мысығынан да кіші. Бірақ кішкене бола тұрса да, жолбарысқа ұқсас...

«Мұның көзі қайда? Мұрны қандай екен? Тамақ жейтін аузы бар ма екен?»

Жібек осыны ойлады да, алақанындағы кішкене аңның басын өзіне қаратты. Ол кішкене ғана қызыл мұрынды көргенімен көзді таба алмады. Ұйқысы қанбаған ба, әлде шешесінен көзсіз туған ба? Әйтеуір түк көрмейді, соқыр. Тамақ іздегені болар, кейде аузын ашады, бірақ ешбір дыбыс шығара алмайды.

— Көке, көке! Мұның көзі қайда? — деп сұрады Жібек.

Ол кеше ғана туды. Көзін әлі ашқан жоқ. Асықпа, қызым. Көзі әлі ашылады, — деді Қозыбай.

— Көке, мұның өзі жолбарысқа ұқсас екен. Атын да Жолбарыс деп атайын, — деп Жібек.

— Атасаң ата, — деді Қозыбай.

— Кішкене Жібек өзінің кішкене Жолбарысын кішкентай емізіктен сүт емізіп, асырай берді...

Бірнеше күн өтті. Кішкене Жолбарыс көзін ашты. Ашқанда бадырайтып үлкен ашты.

Тағы да бірнеше күн өтті. Кішкене Жолбарыс бауырын көтерді. Тәлтіректел жүре алатын да болды. Бір жіңішке, жіңішке болғанда өте жіңішке дыбыс шығарып, тамақ сұрайтынды шығарды.

Жолбарысы

— Менің Жолбарыстайым! Даусың қандай жіңішке! Әлі кішкентай-ақсың. Асықпа, өсесің. Мені сен үлкен етіп өсіремін. Өскен соң даусың да зораяды. Сонда сенің даусыңнан барлық ит қорқатын болады.

Жібек өзінің болашақ дәу жолбарысы туралы осылай ойлады.

Бір күні Қозыбай жұмыстан ерте қайтты. Келе жатқан әкесін терезеден көріп, Жібек оның алдынан жүгіріп шықты. Ол бір нәрсені тезірек білгісі келді.

— Көке, айтшы, жолбарыс мықты ма, қасқыр мықты ма? — деп сұрады Жібек.

— Әрине, жолбарыс мықты, — деді әкесі.

— Қасқыр жолбарыстан қорқа ма, қорықпай ма? — деп сұрады, мұны да біліп алғысы келген Жібек.

— Қасқыр жолбарыстан, әрине, қорқады, — деп түсіндірді әкесі.


— Қасқыр жолбарыс жүрген жерге жақын келе ала ма, келе алмай ма? — деп сұрады әбден білгісі келген Жібек.

— Жақын келу қайда?! Маңайына да жолай алмайды, — деп қуантты Қозыбай өзінің қызын.

— Әһә, бәлем! Оның өзіне де сол керек, оның өзіне де сол керек! — деп қуанды Жібек.

Осыдан былай Жібек үнемі мынаны ойлады: «Менің Жолбарысым үлкен болып өскенде, біздің колхоздың маңайына қасқыр жолай алмайтын болады. Сонда бір де бір қозыны, қойды, далада жайымып жүрген құлынды, бұзауды қасқыр жей алмайтын болады!».

Бір ай өтті, екі ай өтті. Бір күні Жібектің кіш-



кентай Жолбарысы бірінші рет тышқан ұстады.

— Әһә, бәлем, өзіңе де сол керек еді, сол керек еді! — деп айқайлап жіберді. — Қандай шапшаң, қалай қорықпайды, — деп Жібек Жолбарысын мақтады. — Көке, көке, міне, көрдің бе, менің Жолбарысым тышқан алды...

Тағы да екі-үш ай өтті. Бұл кезде салқын күз де келіп қалған еді. Өсімдіктер қурап, ағаштардың жапырағы да сарғайды.

Бір күні Жібектің Жолбарысы бірінші рет торғай ұстады. Келесі күні тағы бір ала қанат торғайды қанатынан тістеп, Жолбарыс даладан үйге кірді. Жібек:

— Жолбарысым-ау, Жолбарысым, мұның жарамайды. Тиме торғайға, — деді ол кіналап.

Өскен сайын Жолбарыс оның ойлағанындай онша ақылды, тәртіпті болмады. Ол кейде көргенсіздік істеп те жүрді.

Бір күні күзгі қара көлеңке кеште Жолбарыс даладан бірдемені тістеп, үйге кірді, әдетте өзі тамақтанатын бұрышқа барды. Ол осылай бір орында тамақтануға дағдыланған болатын.

Жібек өзінің ойыншықтарын жақсылап тұрып шомылдырып отыр еді.

— Тағы да торғай әкелдің бе? — деп Жібек Жолбарыстың қасына барды. Жолбарыста үн жоқ. Ол бір нәрсені алдына сұлатып салып, өзі оның қасында шоңқылып отыр. Жібек үніліп көріп еді. Ашық көре алмады. Әйтеуір үлкен нәрсе. Еһе, құс екені даусыз. Жібек қуанғанынан:

— Алақай-алақай! — деп айқайлап жіберді. — Көке, көке, апа, апа! Жолбарыс үйрек әкелді, үйрек! — деп ол есіктен далада мал жайлап жүрген әке-шешесіне айқайлады.

Оның айқайын әке-шешесі естімеді. Қуанышты Жібек жүгіріп барып, электр шамды жағып жіберді. Қайта жүгіріп кеп, Жолбарыс әкелген «құсқа» үнілді. Оның үйрек деп қуанғаны өз тауығының қоңыр балапаны болып шықты.

Жолбарыстың бұл көргенсіздігіне Жібек әрі ұялып, әрі ашуланды.

— Ұры, ұры, ұятсыз! — деп ол қолында жүрген балық ойыншықпен Жолбарысты басқа бір салды. Құлағын жымыйтып, құйрығын бұландатып, Жолбарыс жантая кетті. Ол кіналы болғанда осылай ететін еді.

Жолбарыс бұдан кейін де қора ішіндегі тауықтарды бірнеше рет шулатты. Ала қораз онымен үш рет төбелесіп те алды. Ала қораз әуелбастан төбелесті тәуір көруші еді.

Бірақ ала қораз Жолбарысқа нағыз хауіпті дұшпан бола алмады. Оның ең хауіпті жауы ит болды. Ауылдағы ит атаулы оған күн көрсетуді қойды. Жолбарыс көрінсе болғаны, олар бір тағы анды көргендей тұра ұмтылады. Қуып жетсе тіпті, жеп қоюдан тайынар емес...



Тіпті ешкімге соқтықпастан жападан-жалғыз өзі тышқан-мышқан іздеп, ауылдан аулақта жүрген Жолбарысты бір күні он шақты ит жабыла қуып кеп берді. Бұл жолы Жолбарыс сарай жанына кептіруге жыйналған тақтайлардың астына кіріп құтылды. Ал, енді бірде бағана басына шығып кетіп тірі қалды.

Бұл күні Жолбарыс кешке дейін сол бағана басынан түспеді. Жібектің өзі барып шақырса да, ол төмен түсуге қорықты. Әбден түн болып, төңірек қараңғы болғаннан кейін ғана үйге келді.

Осыдан кейін Жолбарыс аулаққа шығып аң аулауды таза тоқтатты. Тіпті үйден де шықпайтын болды.

Жібек өзінің Жолбарысына күн көрсетпеген иттердің бұл иттігіне қатты ашуланды.

— Қап, бәлем, тұра тұрындар! Менің Жолбарысым өссін. Содан соң ол сендерге көресіні көрсетеді, сыбағаларыңды береді! Ол әлі кішкентай ғой. Бір жасқа да толған жоқ, — деп жүрді Жібек.

Алты ай өтті, жыл өтті. Жібектің тап-тарғыл Жолбарысы одан әрі өспеді. Үй мысығынан үлкен, иттен кіші, қаба жүн, құйрығы түлкінің құйрығындай бір құшак, дәу тарғыл мысық болды да шықты.

Ол қасқыр да алмады, түлкі де алмады. Аспанда ұшып бара жатқан қазға да, үйрекке де ұмтылмады. Бірақ оның есесіне тышқан мен торғайға қырғыйдай тиді. Бір жаман жері сол, үй жанындағы арашқа келіп қонған торғайларды шыдатпаған соң, Жібектің үйінің бауына бұлбұл қонып сайрауды қойды.

«Менің жолбарысым өскенде қасқыр алды», — деп Жібек балаларға көп мақтанған.

Енді міне:

— Сенің Жолбарысың торғай үркіткеннен басқа түк те бітірмейді, — деп мазақтады балалар Жібекті. Жібек ыза болып жылады. Ол жылаған бойы әкесіне келді.

— Менің тарғылым жолбарыстың баласы емес пе еді? Ол неге үлкен болып өспейді? — деп сұрады әкесінен.

— Сенің тарғылың жолбарыстың баласы емес. Бұғылы-Тағылы тауында мәлі деген аң бар. Мәлі осы күнгі үй мысығының бабасы-тағы мысық. Сенің Жолбарысың сол тағы мысық — мәлінің баласы, — деді Қозыбай қызына.

— Балалар енді мені өтірікші, мақтаншақ деп мазақ етеді ғой.

Осыны айтып Жібек жабырқады. Ол өзінің Жолбарысын көп мақтағанына өкінді.

— Сен балаларға шынынды айт. «Білмедім, мен оның қандай аңнан туғанын көрген жоқ едім» де. Осылай шынынды айтсаң, балалар сені мазақтамайды. Қатені мойыңға алу жамандық емес, — деді Қозыбай.

Келесі күні Жібек өзінің достарына барлық шынын айтты. Шынын айтқан соң достары оны «өтірікші», «мақтаншақ», «алдағыш» деп мазақтамады. Олар тек:

— Жібек, сен енді тағы мысықты Жолбарыс деме, Мяу-мяу деп ата, — деп кеңес берді. Жібек бұған қарсы болмады.

Осыдан былай балалар Жібектің Жолбарысын Мяу-мяу деп атайтын болды.

Мяу-мяу үйге үйрене, дағдылана келе, тауықтарды шулатуын да қойды. Ол тауықтарға тимейтін болған соң, ала қораз онымен төбелесе беруді де тоқтатты.

М. Тиесов.

ҚЫТАЙЛЫҚ ДОСТАРДА ҚОНАҚТА БОЛҒАНЫМЫЗДА

Балалар, мен Қытайға барған сапарымды әңгімелемес бұрын қытайлық достардың барлық совет адамдарына, оның ішінде барлық пионерлер мен мектеп оқушыларына жолдаған жалынды туысқандық сәлемін тапсырғым келеді.

Ал, енді сіздерге өз сапарым туралы айтайын. Өткен жылы Поляк халық республикасының астанасында жастар мен студенттердің Бүкілдүниежүзілік V фестивалі болды. Осы фестивалға Москва арқылы кетіп бара жатып, қытайлық жолдастар 1955 жылы сентябрьде Пекинде болатын социалистік құрылыстың жас белсенді құрылысшыларының Бүкілқытайлық слетіне совет жастарының делегациясын шақырды. Біздің қарағандылық жерлесіміз атақты шахтер Геннадий Шеинмен бірге мен осы делегацияның құрамында болдым.

Сентябрьдің 16-нан 17-не қараған түні күміс қанатты самолет Отанымыздың жүрегі

Москваның Внуков аэродромынан көтеріліп, Пекинге қарай бағыт алды. Қытайдың астанасына самолет Свердловскіге, Новосибирскіге, Иркутскіге және туысқан Монғолияның астанасы Улан-Баторға қонып, 30 сағаттан артық ұшып жетеді.

Самолет Пекиннің төбесіне жақындаған сайын біздің бойымызды билеген жалынды сезімді сөзбен айтып жеткізу қиын. Бәріміз де терезеден көз айырмаймыз. Самолеттің алған бағытына қарап, біз Пекинге жақындаған сайын Ұлы Қытай қорғанын көруге ынтығамыз. Біздің әр қайсымыз, мектепте оқып жүрген кезден-ақ, ұзындығы 5 мың километрге жететін мұндай ұлы қорғанды салған қытай халқына зор ілтипатпен қарайтын едік. Біреулеріміз:

— Самолет 3 мың метр биіктікте бара жатыр, біз оны көре аламыз ба? — деп күдіктенді.

Басқаларымыз:

— Сөз жоқ көреміз, ол ұлы қорған,— деп үміткерлендік.

Оны бір мезгілде көрдік те: қорған самолеттің екі жағынан көрініп, жіпше созылып, көк жиекке батып кетіп жатты. Біздің бәріміз сол жерде-ақ Пекинге барған соң қытайлық жолдастардан Ұлы Қытай қорғанына саяхат ұйымдастыруды сұраймыз деп келістік.

Кешікпей-ақ Пекин көріне бастады. Аэродромда бізді Пекин жастарының өкілдері, төңіректегі селолардың шаруа жастары қарсы алды. Олар бізбен зор қуанышпен құшақ жая дидарласты. Бұл 18 сентябрь еді. Ал, біз келген слет 20 сентябрь күні сағат 1 де ашылуға тиісті. Осы бір жарым күн ішінде біз Пекинмен таныстық.

Көргендеріміздің бәрін шарын мақалада айтып жеткізу мүмкін емес. Пекин—Қытайдың сонау ерте заманнан бергі астанасы. Оның әрбір тасынан еңбекші халық тарихының терең ізі, таңбасы сезіліп тұрады.

Мысалы, бұрынғы императордың сарайларын алалық. Мұндай сарайлар екеу: қалада қысқы, қала сыртында жазғы сарай бар. Оның екеуі де қытай халқының көне заманғы мәдениетінің аса көрнекті ескерткіштері. Жазғы сарай ғажап тамаша. Көлемді шыңырау шұңқыр қазылып, онда қолдан көл жасалған да, шұңқырдан шығарылған топырақтан тау жасалған. Сол таудың төбесіне, им-

ператордың өзі және оның ұрын-бұтағы сәйрандайтын сарай салынған. Жазғы сарайға да, қысқы сарайға да қарапайым адам кіре алмайтын, ондай батылдыққа барған адамның басы құрбан болатын. Бірнеше ғасырлар бойы бұл сарайлардың биік дуалдарының ішінде не болып жатқаны халыққа жұмбақ болып келді. Қазір ол сарайларды қарапайым адамдар еркін аралайды. Сарайлар музейге айналдырылған. Бұған әсіресе балалар көп келеді.

Тағы бір тамаша мұра — аспан храмы, бұл зәулім үй, бірнеше жүз жылдар бұрын, бірде-бір темір шегесіз, ағаштан қыйыстырып салынған. Айта кетейін, бізде де, Талдықорған облысында бірде-бір шегесіз ағаштан қыйып салынған мешіт бар. Оны Қытайдан шақырып әкелінген шеберлер салған деседі.

Социалистік құрылыстың жас белсенді құрылысшыларының слеті 9 күнге созылды. Слет өте қызық өтті. Бүкіл қытай халқы Коммунистік партияның басшылығымен социализм құру жұмысын қызу жүргізіп жатыр. Слет бұл құрылысқа жастардың қалай қатынасуы керектігін айтуға тиіс болды. Слетке қатынасушылар бірауыздан: бізден партия қалай еңбек етуді талап етіп отырса, солай еңбек етеміз және білім алу үшін қажырлы күресеміз деп жауап берді. Слетте біз Ұлы Қытайдың барлық түкпірлерінен келген өкілдерді кездестірдік. Онда Синь-Цзяннан кел-



Қытай халық республикасында.

Ауылшаруашылық өндіріс кооперативтерінің өсуімен байланысты машина-трактор станцияларының саны да көбейіп келеді. МТС-терде механизация кадрларын дайындау қызу жүргізіледі.

Суретте: Хэбэй провинциясындағы МТС-те оқып жүрген жас механизаторлар. Синьхуа агенттігінің фотосы.

ген қазақ жастары да болды. Мысалы, мен қазақ Мұхтар Сәлімбаевпен әңгімелестім, ол жас малшылардың жұмысы туралы әңгімеледі.

Слетте жүрек тебіренерлік кезеңдер көп болды. Председательдік етуші: Ляо-И-Сюн сөйлейді деген кезде бүкіл зал қозғалып, қызу қол соғылды. Бақсақ, Ляо-И-Сюнді, оның ерлігін бүкіл ел біледі екен. Ол Америка интервенттеріне қарсы күресте екі аяғынан, бір қолынан айырылған. Ол сол кезде: «Енді менің ешқандай пайдам жоқ, сондықтан бұдан өлген артық» деген ойда болды. Бірақ жолдастары оған «Мынаны оқы», деп бір кітап ұсынған.

— Мен, — дейді Ляо, — ол кітапты оқыған кезде, жолдастарымның алдында өзімнің бұрынғы ойым үшін қатты ұялдым. Салы суға түсушілікке правом жоқ екенін түсіндім.

Ол жанының ауырғанына қарамастан өзін жұмысқа шынықтырып, жолдастарының қатарына қосылуға әрекет жасады.

Оған жолдастары ұсынған, Ляоға қайрат, күш, жігер берген кітап — Борис Полевойның «Нағыз адам туралы аңыз» еді. Қазір Ляо-И-Сюн құрылыста істейді, еңбектегі отличник атағын алды.

Тағы бір жүрек тебіренерлік кезең слетке Зоя мен Шураның анасының келуі болды. Газеттерде оның Пекинге келген хабары жарияланысымен-ақ, оны слетка шақырып, сөз сөйлеуін өтінді. Космодемьянская жолдас бүкіл жер шарының балаларына белгілі Советтер Одағының екі батырын қалай өсіріп, тәрбиелеп шығарғаны туралы айтты. Үзіліс кезінде Космодемьянскаяны делегаттар қоршап алып ұзақ сөйлесті.

Слеттің соңғы күні ерекше есте қаларлық болды: бұл күні слетке Мао Цзэ-дун, Лю Шао-ци, Чжу Дэ, Чжоу Энь-лай жолдастар және қытай халқының басқа басшылары келді. Жастар өздерінің ұстазы және көсеміне сүйіспеншілікпен құрмет көрсетті. Қоштасу кезінде Мао Цзэ-дун жолдас слетке қатынасушылармен бірге суретке түсті.

Слеттен кейін біз ел араладық. Машинамен, поезбен жүрдік, самолетпен ұштық. Порт-Артурда, Шанхайда, ыстық өңірдегі Кантонда, Чунцинде және басқа көптеген қалаларда болдық. Барлық жерде де жастардың партия қойған міндетті орындай отырып, еңбекті табанды оқумен ұштастыра жүргізетінін көресің.

Қытайда бұрын халықтың көпшілігі сауатсыз болатын. Қазір партия сол сауатсыздықты жоюға шақырып отыр. Шанхай тоқыма фабрикасында біз 15 жасар жас жұмысшы мен

60 жастағы шалдың, жұмыстан кейін, сауатсыздықты жою жөніндегі үйірмеде оқығандығын көрдік. Барлық балаларды оқыту үшін көптеген мектептер салынып жатыр. Мектептер жақсы жабдықталған, балалардың өмірі шат.

Мысалы, біз Пекинде пионерлер сарайы бар мектепте болдық. Бұл сарайдағы барлық заттар — столдар, орындықтар, шкафтар және басқа заттар фабрикаларда жасалған емес, олардың бәрін оқушылардың өздері қолдан жасаған.

Қытай балалары физкультура мен спортты өте жақсы көреді. Олар үлкен демалыс кезінде, міндетті түрде, дене шынықтырумен шұғылданады. Қытайда спорттық ойындардан, әсіресе, баскетбол көп таралған. Әрбір 2-3 қорадан баскетбол алаңын көруге болады. Бізге қарағанда волейбол алаңдары да көп, бізде волейбол ең көп таралған ойын деп есептеледі.

Қытайдағы істеліп жатқан істер біздерді мейлінше сүйсіндірді. Барлық жерден қытай жастарының ерлік еңбегін, олардың білім алу үшін, ғылымды меңгеру үшін жүргізіп жатқан табанды күресін көрдік.

Қытай халқы жаңа өмір құрып жатыр. Жаңа заводтар, электр станциялары, институттар салынуда. Қытайда бүкіл тарих бойы бірде-бір көпір салынбаған өзендер бар. Мысалы, Янцзи өзенінде алғашқы көпір салынып жатыр. Тек көпір туралы емес, басқа көп нәрселер туралы да «алғашқы рет», деп айтуға тура келеді. Алғашқы автомат заводы және алғашқы трактор заводы салынып жатыр. Бұл құрылыстардың барлығында да жастар белсене жұмыс істеуде.

Барлық жерде болған кезде де біз Совет Одағына, совет адамдарына, совет жастарына деген жалынды сүйіспеншілікті көрдік. Барлық жерде бізбен қоштасарда қытайлық достар: совет қыздары мен жігіттеріне, совет балаларына жалынды сәлем айтып барыңыздар!, — деп қоштасты.

Мақаламның соңында қытай пионерлерімен хат жазысқысы келген балаларға екі мектептің адресін бергім келеді. Бірінші мектепке былай жазуға болады. Пекин қаласы, педагогикалық институттың жанындағы орта мектеп. Екінші мектеп: Қытай, Шаньен провинциясы, Датун қаласы, шахтерлер поселкасының мектебі.

К. Ахметов,

Қытайға барған совет жастары делегациясының мүшесі. Комсомолдың Алматы облыстық комитетінің секретары.



КӨМЕЙДІ СУ БҰЗЫП КЕТТІ

Тоған толы толқын тоқтаусыз толқып кетіп жатыр. Су лайлана ағады. Алатау шыңынан тас жарып шығатын бірнеше бұлақтар жарыса Түрген арнасына келіп тұйіседі де, кең даланың қойнына еркін кірген кезде тағы да жіңішке тарапданып кете барады.

Міне, сол жіңішке тарамның бірі Каганович атындағы колхоздың егін даласын кесіп өтеді. Ұлан жазға шығыстан соғатын сары жел жер қыртысын суырып, дәнді дақылдың бітік тебіндеуіне кесірін тигізеді де тұрады. Аптап ыстық кебір топырақ қылтыйып шыққан дәнді бойлатпай бүрістіре бастайды. Жаңа ғана жарық сәуле көрген нәзік сабақ, ерні кезерген нәрестедей, шөліккеп сусай түседі. Су, су деп тұрғандай көрінеді.

1947 жыл. Бұл көктемнің алғашқы екі айында аспаннан бір тамшы тамбады. Аттың тізесіне дейін көтерілген күздік бидайдың сабағы қатқылдай, сарғая бастады.

Өзінің күндегі әдетінше, ерте тұрып атқа мінген Егеубай қарт су жағалап келе жатыр. Таң бозарып атып келеді. Быйылғы жаңбырсыз өткен күндер қарттың жанын мазалайды-ақ. Енді мына осы тоғандағы тапшы суды пышақ үшінен үнемдеп пайдаланбаса, бидайдың дән салмасы белгілі. Колхоз мұрабын да қыйнайтын осы жай.

Қалың ойдың құшағында келе жатқан оны, алыстан шыққан бір адамның дабырлаған даусы селт еткізді.

— Көмейді су бұзып кетті!

— Не дейді,— деп қарт атына қамшыны басып-басып жіберді де, суыт дауыс шыққан жерге де жетті.

Кеше кешқұрым күздікке бұрған су беталды далаға жайылып кетіп жатыр. Көмей бұзылған. Сұрланып кетпеніне сүйенген сушы жігіт Жүнісбай өнжірғасы түсіп үнсіз тұр.

МҰРАП

— Неғып мелшиіп тұрсың?! — деп айқайлап жіберді мұрап:

— Не істемекпін жалғыз өзім, бой берер емес,— деді ол, даусы дірілдеп.

Басқа сөзге келмеді олар. Егеубай қарт атынан қарғып түсті де, тоғанның көмейін байлауға кірісті. Тасқындай аққан тентек су бой берер емес. Шымдарды бірінің үстіне бірін қатарластыра салса да, шыдатпай бұзып әкете береді.

Енді не істеу керек? Шөлдеп тұрған егін мынау. Оған нәр берер су беталды далаға кетіп жатыр.

— Сен ағаш кесіп әкел, тездет! Ал мен...,— деді де қарт сырт киімімен, тоғанға көлденеңінен иықтап жата кетті. Көлденең дегенге соғылған тасқын лықсып барып кейін тепті де, онан кейінгі толқындардың дәрмені бәсеңсіп, су арнасымен жылжып кете барды. Көп кешікпей Жүнісбай да бір құшақ жас тал қыйып әкелді. Екеуі енді көмейді мықтап бекітті.

Су егін ішіне атыздармен, тамыр арқылы бойға тараған қандай, тіршілік нәрі сініп жатыр.

Ұясынан шығып келе жатқан күнге қарап, кетпенге сүйенген Егеубай қарт үнсіз күлім қағады. Бір колхоздың ырысын апаттан сақтап қалдық-ау деген парасатты сезім оның су-су денесін құрғатып тұрғандай. Осы сүйсіну құшағында тұрып өзінің бойының тоңғанын да сезбеді ол.

Алыстан қараған көзге егіншілердің жоғары көтерген кетпендері ғана күнмен шағылысып көрінеді. Осы бір сәтте сушылар жанжағында не болып жатқанын аңғарар емес. Олар тұнбай, қарақошқылданып ағып жатқан суды ғана аңдыды, бейне сол сумен ғана сырласатын секілді.

— Қарашы! Бидай жайнап сала берді емес пе, шөлдеп құрып тұр екен ғой!,— деп айқайлады Егеубай қарт төменіректе тоғанның құлағын байлап жүрген жолдасына. Жолдасы да сабағы ырғала толқыған бітік бидайға қарап тұрып мақұлдағандай басын изеді.

— Жүке,— деймін, сен былтырғы егін суару кезіндегі бір қызық уақығаны естіп пе едің?,— деді Егеубай қарт жолдасының қасына келіп.

— О не қылған қызық?

— Айтқандай, былтырғы менің сушы баламды білесің ғой.

— Білем ғой, ақсақал.

— Білсең, сол екеуміз өткен жылы, сірә, май айының орта кезі болу керек. Танертеннен түске дейін осы екеуміз сыяқты күздік суғардық. Түс кезінде мені колхоз бастығы шақырып, сонда кеттім. Біраз уақыт өткеннен кейін қайтып келсем, балам жоқ. Су аңыздап кеткен, жер шала суғарылған.

— Я, бала қайда кетіпті?,— дейді Жүнісбай, уақығаның соңына дейін күтуге шыдамы жетпей.

— Қайда кетуші еді, астына шапанын төсеп, шеттегі бір су бармайтын арықта шыртыққыда жатыр.

— Я, оягтыңыз ба?

— Оягтыңбасы несі! Оягпақ түгіл сол алқапты күн батқанша өзіне қайта суарттым,— деді Егеубай қарт.

Қарттың түпкі ойын Жүнісбай да түсіне қойды.

— Мен ұйықтамаймын, ақсақал!— деп қызарандады ол.— Дұрыс, жұмыс үстінде жезді ашып жүру керек.

«МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ӘНГІМЕЛЕСЕЙІН»

Егеубай үйіне келіп түскі тамағын ішіп отыр еді, бөлмеге өзінің құрдасы Үсенбай қарт келіп кірді. Құрдасына төрден орын нұсқап:

— Ал, Үсеке, сен асықпай отырып тамақ іш, мен кеттім,— деп мұрап орнынан тұрды.

— Е, қайда асықтың, осы 66 жаста жұмыс істесің деген заң жоқ қой,— деді Үсенбай қалжың, шынын араластырып.

Егеубай құрдасының бұл сөзіне қарқылдап күлді де:

— Қария-ау, мені қалай үйде отырғыза алмақсың? Қолыңды қусырып қарап отырудан артық азап бар ма?,— деді.

— Сонша неменемді тындырып жүрсің?,— деді Үсенбай мұраптың сөзін бөліп.

— Саған қарағанда шүкіршілік. 20 жылдан бері қолымнан кетпен түскен жоқ. Еңбек ақыма, ақшаны және өзгесін былай қойғанда, астықтың өзінен жыл сайын 4 тоннадан аламын емес пе? Еңбегім болмаса колхоз маған сол астықты босқа берер ме? Және жалғыз мен емес, Жүнісбай, тағы басқалары да еңбегіне алған астықтарын қамбаларына сыйдыра алмай, базарға шығарғанын өзің көрдің ғой,— деді Егеубай көтеріле сөйлеп.

— Уа, мақтан, мақтан!,— деді Үсекең жүзінде намыс оты лаулап.

— Мақтанды, мақтанбады колхоздың егінін суарушы мен ғой. Былтыр Түргенде бір айлық мұраптар дайындайтын оқуда болғанымды қайтесің. Москвадағы көрмеге барған кім?,— деп қойды Егеубай қарт құрдасын қажай түсіп.

— Е, тағы нең бар айтатын?,— деді Үсенбай.

— Енді айтарым сенің өзіңе байланысты. Өстіп ел қыдырып жүргенше, күндіз бір уақ фермадағы бұзауды қарауың керек қой,—

— Міне, осы... бұған құлақ қоямын. Соны өзім де ойлап жүр едім!,— деді Үсенбай ағынан жарылып.

Егеубай қарт енді көп сөзге келместен былтыр өзі Москвадан алып келген бастон костюмін үстіне киді. Мұны көрген Үсенбай тағы да:

— Өй, өзің жұмысқа ма, әлде тойға барасың ба?,— деп қойды.

— Тойға емес, мектеп оқушыларымен әңгімелесуге барамын.

ҚҰП БОЛАДЫ.

Түс кезі оқушылар түгелдей мектептің тәжірибе алаңына жыйналған. Барлығы да қарттың аузынан шыққан сөзін бағады. Бұрын жыйындарда көп сөйлеп үйренбеген Егеубай қарттың жүзінде толқу бар. Әр сөзін ойланып сөйлеп тұр. Шын көңілден шыққан әкелік сөз оқушыларды өзінің құндылығымен баурып алған. Көпті көрген ақсақалдың өмір тәжірибесінің әңгімесі қызықты да еді.

— Еңбек — ырыс, жастайыңнан еңбекке үйренбесен, өсе келе ешнәрсеге икемсіз, сөлекет боласың,— деді қарт.

Қарапайым еңбек иесінің ақыл сөзі еді бұл жас буынға айтқан. Оқушылар класында оқытушының сабағын тыңдағандай, үнсіз отыр. Еңбекпен тікелей байланысты әңгіме оларды өзіне тартып барады. Қарт оқушыларды бейне колхоздың егінінің арасына ертіп барғандай болды... Әңгімесін аяқтаған қартқа оқушылар:

— Бізге тағы да келіп тұрыңыз!,— деді.

— Сендер де жазғы демалысқа шыққан кездерінде егін даласына келіңдер. Сонда кездесейік,— деді қарт.

— Құп болады,— деді оқушылар.

Т. Молдағалиев.

Қаганович атындағы колхоз.

Еңбекшіқазақ ауданы.



ОТПЕН ОЙНАМА!

Демалыс күн көрмекші боп даланы,
Әкесіне ере шықты балдырған.

«Жол соқты ғой, тынықсын» деп
баланы

Үш жолаушы машинада қалдырған.
Сақтық үшін машинаның есігін,
Кетерінде әкесі оның кілттеді.
Балыққұмар әке мұның кесірін
Онда, әрине, ойламады, күтпеді.

Оңашада Омар ескі әдетпен
Қалтасынан шылым алып, тұтатты.
Будақтатып тартты біраз.

Әйнектен

Шала біткен папиросты құлатты.

Сырт-сырт етіп ұшқын алға
жылжыды,

Қалың қау қып-қызыл түске боялды.
Оттың тілі орағыта сырғыды,
«Победаның» алқымына таянды.

Машинаның орындығы үстінде
Ұйықтап кетті бала қаннен-

қаперсіз.

Сұм ажалдың торына шын түсті ме,
Әттеген-ай... Қалай жәрдем етерсіз?

Ашулы адам мінезіндей тұтанғыш
Бензин жанса салады ғой әлекті.
От тигенде емес пе май «тілалғыш»
Мотор үстін орап алды, лап етті.



Шошып қалып, Омар бала көз ашты,
Сатыр-сұтыр... түтін біткен атылды.
Есі шыға екі есікке жармасты,—
Ашылмады... Аласұрды, аһ ұрды.

Бетті шарпып жалын лебі жалақтап,
Келіп қалды кабинаға алдыңғы.
Сорлы бала екі көзі алақтап,
Арқалықтан кейін қарай қарғыды.

Көріп еді тепкілеп те жұлқылап,
Кілттеулі есік оған ырық бермеді.
Айғай салды ащы даусы шырылдап,
Қатты састы, қара су боп терледі.

Жалт қарасты әлгі үрейлі дауысқа
Балықшылар, ауды тастай жүгірді.
Қара түтін қарауытты алыста
Үрейі ұшты, әке талай сүрінді.

Дедектеді жетті әйтеуір әкесі,
Есігімен жұлып алды тұтқаны...
Ерке Омар шолжаңдығын, қатесін—
Осы болды тұңғыш рет ұққаны.

Содан бері ол «Тыртық бала»

атанды

— Темекіні,— дейді,— қазір жек
көрем,

Бөбек түгіл, үйретеді ол атаңды:

— Ойнама,— деп,— тілсіз жаумен—
отпенен!

Мұсафар Әлімбаев.



ӨМІРҮШІН КҮРЕС ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ

Біз «Пионер» журналының өткен санында басылған «Көзге түспейтін дүниеге жорық» атты әңгімемізде микроб дүниесі қалай ашылғанын айтқан едік.

Енді микробтардың адам баласына зияндары жайында әңгімелеспекпіз.

Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысына дейін күнделікті тұрмыста кездесетін кейбір құбылыстардың сырлары ашылмай, жұмбақ болып келді. Олар тамақтың ашуы, еттің шіруі, шараптардың бұзылуы, тағы сондайлар. Осы бағытта ізденген ғалымдар аз болмады, олардың көпшілігі бұл сырды аша алмай «құдіреттің күші» дегенмен тынды. Француз халқының ұлы ғалымы Луи Пастер бұл пікірге қарсы шықты.

Пастер еттің қою сорпасын тең етіп, бірдей екі шыныға құйды да, оларды от жалынына қойып қайнатып алды, содан соң шынының біреуін мықтап тығындады. Ал, екіншісін тығынсыз ашық қалдырды. Бір-екі күн өткеннен кейін аузы жабылған шыныдағы сорпа алғашқы түп-тұнық қалпында қалды да, ал, аузы ашық шыныдағы сорпа бұзылып, сарғайып, тіпті иістене бастады. Өйткені алғашқы қайнатқанда сорпа ішіндегі микробтар тұтас қырылды. Сондықтан аузы жабық шыныға сырттан қайтып микроб кіре алмады, ал аузы ашық шыныға ауада қаптап жүрген микробтар түсіп көбейді де, сорпаны өзгеріске ұшыратты. Пастер мұны ғалымдарға микроскоппен де көрсетті. Аузы жабық шыныда ешқандай тіршілік жоқ, ал аузы ашықта микроб қап-

тап жүр. Сөйтіп Пастер жұмбақтың шешуін тапты.

Пастердің ізін қуған ағылшын ғалымы Листер жараның іріндейтін себебі де микробтан екенін ашты. Листердің көрсетуі бойынша 1865 жылдан бастап, микробтарға қарсы дәрілер қолданыла бастады. Сөйтіп, жаралар, әсіресе, операцияланғаннан кейін асқынбай, іріндемей тез жазылатын болды. Медицинада осы күнде жараларға иод, спирт және басқа дәрілер жағып, бөзбен таңу да жараға микроб түсірмеудің шарасы.

26 октябрь... 1885 жыл... Париж ғылым академиясы жыйналысында қарт Луи Пастер өзінің жаңа ашқан ғылыми табысымен жыйналғандарды таңқалдырды. Әңгіме былай еді:

Аласұра жүгіріп келе жатқан иттің тілі аузына сыймайды, ұртынан аққан ақ көбік, екі көзі шеңберінен шыға қызарған... Ит үнемі жорта берсем дейді. Жолында кездескенді бас салып, қабады. Бұл — құтырған ит, ал құтырған ит қапқан адамның дағдыры әркімге белгілі. Ол үш-төрт жұмадан кейін мазасыздана бастайды, адаммен сөйлеспейтін болады. Содан кейін даусы қарлығады, сондырақтайды, шөлдей береді, бірақ жұтқыншақтары бітіп қалғандықтан суды жұта алмайды, барған сайын адам жүдеп-жадайды, көп ұзамай сал ауруынан өледі. Ит секілді, құтырған қасқыр, мысықта адамды, хайуанатты тістеп, талап құтыртады. Талай жандар ешқандай ем болмағандықтан бұл жаман кеселден ылғый өліп отырған.

Пастер өз өмірінен бір мысал келтірді: «Менің бала шағымда, — деді ол, — ол кезде он жаста едім. Өзіммен ойнап жүрген дос баламды құтырған ит қапты. Қала дәрігерлері жыйналып емдей алмады. Тек қана бір тәуіп табылды. Тәуіптің кеңесі бойынша, баланы темірші дүкеніне әкелді. Байғұсты шырылдатып басып отырып, ит қапқан жарасын оттан шыққан қып-қызыл темірмен қарып күйдірді, не пайда бәрібір жас бала азап шегіп өлді.» Осы оқыйға оқымыстының өмір бойы көз алдынан кетпейді. Ол құтыруға қарсы тынбай ем іздейді. Ғалым 125 иттік қора жасады. Ондағы мақсат сау итке құтырған иттің вирусын егіп тәжірибе жасау болды. Бұл жұмыспен ол бес жыл табан аудармай шұғылданды.

6 июль 1886 жыл. Пастердің лабораториясына Эльзастан жас әйел Мейстер он жасар ұлы Жозефті алып келді. Ол әйел көз жасын көл етіп, мынаны білдіреді: Бұдан бірер күн бұрын мектепке бара жатқан ұлына құтырған ит кездесіп 14 жерден жаралапты... Баланы көрген Эльзас докторлары бір дауа тапса, тек Пастер ғана табады, — деген соң баланы Парижға әкеліпті.

Жас Жозефтің дағдыры Пастерге түсінікті еді. Өмірі біткелі тұрғанын ғалым жақсы білді. Шын ниетімен көмектескісі келсе де, ол түбінен сескеніп баланы емдеуден бас тартты. Себебі ауруды емдеуге шығарған дәрісі әлі істе сыналмаған еді. Тек қана тәжірибе есебінде иттерге ғана қолданылып жүрген болатын. Сол күні кешке Пастерге өзінің екі досы — бірі профессор, екіншісі дәрігер келді. Олар: «Дәріңді балаға ек», — деп өтінді. Пастер шприцасын (укол аспабы) қолға алды. Укол онша ауыр тимеді, уколдан кейін Жозефті, анасы мен екеуін, Пастер бөлек бөлмеге орналастырды, укол күнде істеліп тұрды. 16 июльде ақырғы уколын бітірген соң Жозеф, қуанышы қойнына сымай, еліне қайтты. Үш айдан кейін Эльзастан келген хат баланың дені сау, көңілі көтеріңкі деп хабарлады. Содан кейін Пастердің ашқан жаңалығы дүниеге жайылды. — Өзге елдерден де құтырған ит қапқан адамдар ағылып келіп жатты. Сөйтіп Пастердің әдісі талайдың өмірін созды. Содан кейін Пастердің жаңа әдісі өзге қалаларда да қолдана бастады.

Мындаған пастерлік пункттер осы күндері үзбей жұмыс істейді. Олар мың-миллиондаған адамдар-

ды хауіпті аурудан сақтап отырады.

Пастер құтырудың себебі микроб, вирус екенін ашқан соң және бұл кеселге қарсы егіп, сақтану жолын тапқан соң, бұрын жұмбақ болған кеселдер сыры күн санап біртіндеп ашыла берді. Тексере келгенде, әртүрлі аурулардың өз алдына микробы бар екені ашылды. Сондықтан ғылым барлық зиянды микробтардың тигізетін әсеріне қарап түрліше жіктерге бөлді. Кейбір микробтар адам денесіне түскенде жараны ірідететін болғандықтан ірідеткіш микробтар деп аталды.

Микробтардың екінші бір тобы адамды түрліше іш ауруларға шалдықтырады. Бұл микробтар азық-түліктерде өсіп көбейеді. Әсіресе, овощта, сүтте, жемісте, суда көп өседі.

Сондықтан осы айтылған заттарды күнделікті тамаққа пайдаланғанда мейлінше тазалық сақтаған жөн. Овощ пен жемісті жеу алдында қайнаған сумен екі-үш қабат жуу керек. Сүт пісірілмей, су қайнатылмай ішілсе, адамды іш кезігіне, дизентерияға соқтыруы ықтимал. Іш ауру микробтарын ел арасына көп тарататын жаз айларындағы шыбындар. Шыбындар ылас заттарға, дәретханаларға қонып, қанаттары мен табандарына іш кеселдері микробтарын жабыстырады да, үйдегі тамаққа аяқ-табаққа қонады. Ал, ондай тамақты жеген немесе әлгі аяқ-табақтан ас ішкен адамдарға дизентерия және іш кезіктері жұғады. Сондықтан азық-түліктің үстін жауып, шыбыннан қорғаған жөн. Тіпті шыбындарды үйде болдырмас үшін жаз айларында терезелерге тор ұстаған абзал. Үй ішін және дәретхананы таза ұстау керек. Шыбын ылас орынды сүйеді, оны ұмытпау керек.

Бір топ ауруларды жұқтыратын ірілі-уақты жәндіктер мысалы: бруцеллез сыйыр сүтінен, жамалдат, маңқа жылқыдан, безгек масадан, бөртпе-сүзек биттен, глист ит пен мысықтан жұғады.

Тазалық сақтаған жерде адамдар ауруға сирек шалдығалы. Денені, киім-кешекті, төсек-орынды, үй ішін таза күту — микробтар жауы, денсаулықтың досы. Ауырмас үшін алдлын ала ектіру керек. Еккен адамдар, балалар өте сирек сырқаттанады.

Е. Орашва

*Медицина
ғылымының кандидаты.*

СУРЕТ ТҮСІРІП ҮЙРЕН


III-ші әңгіме.

ПЛЕНКАҒА ТҮСКЕН СУРЕТТИ АЙҚЫНДАП ШЫҒАРУ

Бұл іс қараңғы бөлмеде, яғни лабораторияда орындалады. Терезелерге қалың перде жауып, үйдің ішін қараңғылап алуға болады. Немесе әбден қараңғы түнде жұмыс істеу керек.

Мынандай құралдар болуы міндетті: шағын стол, оның үстіне қойылған үлкейткіш механизм, үш жайпақ ыдыс, көшіргіш рама.

Пленкаға түскен суретті айқындайтын, одан соң бекітетін ерітінділер әзірленеді. Бұлар дүкенде әзір күйінде де сатылады. Ал, әзірі болмаса, оны қолдан да жасап алу оңай. 1 литр су, 5 грамм метол, 85 грамм құрғақ натрий сульфиті немесе 170 грамм кристалды натрий сульфиті, 1 грамм құрғақ сода немесе 2,5 грамм кристалды сода, 0,5 грамм бромды калий алынады. Су тұщы болсын. Ол қайнатылады да, одан соң 60—70 градусқа дейін салқындатылады. Осы суға жоғарыда аталғандар сол реті бойынша салынады. Осылар әбден еріген соң суды бөлме ішіндегі 18—20 градус температураға бара-бар салқындату керек.



Бұдан әрі бекіткіш ерітінді әзірленеді. Бұл үшін 1 литр су, 250 грамм гипосульфит, 100 грамм 5 проценттік сірке суы алынады. Ерітінді қолданардан 5—6 сағат бұрын әзірленеді. Бұдан соң пленкадағы суретті айқындауға кірісуге болады.

Алдымен жарық жерде жақсы жаттығып алған қолға бочокты (суретті қара) алындар. Ескі пленканы шарғының иіріміне салындар. Мұнда пленканың эмульсия жағы ішке қаратылады. Пленка ұяның ішіне еркін кіретін болсын. (2-сурет). Әбден жаттығып болысымен осыны қараңғы бөлмеде орында. Мұнда пленканы қағаз лентадан бөлек алып, оның шеттерін сәл


қырқып таста. Сонда пленка ұяның ішінде оңай жылжыйды.

Пленка шарғының ішіне әбден кіргенде, оны бочокқа батырып, бочоктың қақпағын жап. Одан кейінгінің бәрін жарық жерде істеуге болады. Қақпақ үстіндегі тесік арқылы бочокқа айқындағыш ерітінді құйылады. Осы кезде пленкадағы сурет айқындалып керіне бастайды. Ол 15—18 минутке созылады. Енді айқындағыш ерітіндіні жаңағы тесіктен ағызып шығарады да, оның орнына су құйылады. Суды жылдам қайтадан ағызып алу керек. Бұдан соң сол тесік арқылы бекіткіш ерітінді құйылады. Айқындалған суретті бұл ерітінді сол қалпында өшпейтін етіп бекітіп тастайды. Сурет әбден бекіну үшін 10—12 минут уақыт керек. Бұдан әрі бекіткіш ерітінді ағызып алынады да бочокке су құйылады. Ол сумен пленканы 15—20 минут шаяды.

Жұмыстың басынан аяғына дейін пленканың эмульсия бетіне қол тигізбеу қажет. Өйткені эмульсияның нәзіктігі соншалық, қол тисе-ақ бүлінеді. Суреті бекіген пленка кептіріледі. Оны орап қоюға немесе ыңғайлы болу үшін жеке кадрлары бойынша қыйып алып конвертке салып қоюға болады.



ФОТОСУРЕТТИ ҚАҒАЗ БЕТІНДЕ АЙҚЫНДАП ШЫҒАРУ

Бұл үшін қызыл сәуле түсіретін фонарь, үш жайпақ ыдыс керек. Ыдыстың біріншісінде айқындағыш ерітінді екіншісінде анықтал-



ған фотосуретті қағаз малынатын су, үшіншісінде бекіткіш ерітінді болуы тиіс. Қағаз бетіндегі фотосуретті екі әдіспен айқындап шығаруға болады. Біріншісінде тікелей негативтен түсіріп айқындалады, екіншісінде үлкейткіш арқылы проекциялық әдіспен айқындалады. Мұның біріншісі өте оңай. Кішкене рама алу керек. Оған кәдімгі әйнек салу қажет. Бұдан соң оның үстіне эмульсия жағын жоғары қаратып негатив салынады. Енді негативтің эмульсия бетін жабыстырып фотоқағаз беттестіріледі. Бұлар қысып тұратын жұқа тақтайшамен жабылады. Осының бәрі қызыл түсті сәуле түсіретін фонарь жағып қойып істеледі. Бұдан әрі кәдімгі электр шамы жағылады. Жаңағы негативті жарыққа қаратып 2—3 секунд кідіртп ұстайды. Негатив неғұрлым тығыз болса, кідіріс те солғұрлым ұзақ болуы тиіс. Романы электр шамнан 30—40 сантиметр қашық ұстау дұрыс. Бұдан соң кәдімгі жарық түсіретін шам сөндіріледі.

Негативті жаңағыдай жарық



сәулеге қаратып ұстап қанша кідіріс жасау керектігін анықтау үшін мұны 2—3 рет солай байқап көруге болады. Анықтағышқа салғанда фотосурет 3—5 минутта айқындалып шығуы тиіс. Егер сурет солғын болып шыкса, жаңа кідірістің аз жасалғаны. Ал, егер фотосурет жылдам қарауытып кетсе, негативтің жарыққа қаратылып тым ұзақ ұсталғаны.

Шам сөндірілгеннен кейін фотосуретті қағаз анықтағыш ерітінді бар ыдысқа салынып, оның суреті айқындалады. Суреті айқындалған фотоқағаз енді екінші ыдыстағы суға малынады. Одан алып үшінші ыдыстағы бекіткіш ерітіндіге салынады. Сурет мұнда 10—12 минут жатуы тиіс. 10—12 минут уақыт өткен соң оны ыдыстан алып 25—30 минут бойына сумен жуады. Суды бірнеше рет жаңарту керек.

Жуып шығарылған суреттер кептіріледі де ауыр кітаптың немесе

басқа да бір сондай нәрсенің астына бастырылады. Сонда олар тегістеліп шығады.

Айқындағыш ерітінді мынадай әдіспен жасалады. 1 литр су, 2 грамм метол, 50 грамм кристалды сульфит, 5 грамм гидрохинон, 30 грамм құрғақ сода, 1 грамм бромды калий алынады. Әзір айқындағыштар құрғақ күйінде дүкенде сатылады. Әзір күйінде алып пайдаланған ыңғайлы.

Сурет түскен қағаздың бетін жылтырату үшін 10 проценттік сода ертіндісін алып, суретті оған 5 минутке салып қояды. Осы уақыт өткен соң сурет ертіндіден алынып жақсы сүртілген әйнекке жапсырылады. Оның бетіне қағаз бастырылады. Суын қатырма қағазбен сығып тастау керек. Бұдан әрі кебуіне қарай суреттің өзі әйнектен қайырылып түседі.

Суретті үлкейтп шығару үшін үлкейткіш механизм қолданылады.

П. Редько.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Ыдырысов Р. (редактор), Қыйрабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор М. Фум.

п. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 22/V-1956 г. УГО2069. Бум. 84×108¹/₁₆—0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 28287. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 758.



Дешаны

УАҚЫТЫНДА



ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1956 жылғы 4-номеріндегі «Кроссвордтың», «34» тіп, «Географиялық кроссвордтың», «Шараданың» шешулері:

«КРОССВОРД» Тігінен:

1. Қанат. 3. Сазан. 4. Марал. 6. Албания. 7. Ашхабад. 9. Қой. 10. Кит. 11. Қан. 12. Тас. 14. Сен. 16. Киров. 17. Қолқа. 20. Мысық.

Көлденеңінен:

2. Бас. 5. Қарағай. 8. Алмас. 9. Камшы. 11. Қол. 13. Бидай. 14. Сай. 15. Қалам. 16. Кен. 18. Хиби. 19. Шоқан. 21. Жоңышқа. 22. Қыс.



РЕБУС

Мына ребусты шешкенде, белгілі романдардың аттары және орыстың ұлы жазушысының фамилиясы мен кітап туралы айтқан сөзі шығады.

Ребусты құрастырған Т. Иманбаев.
Алматы.

ДОПТЫ СЕРІКТЕС ОЙЫНШЫҒА БЕРУ

Бұл ойын мектеп алаңында немесе спорт залында өткізіледі. Ойынға 12 адам қатысады. Ойыншылар бір-бірінен 2-3 метр жерде дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Олардың әрқайсысының төсінде реттік саны жазылады.

Ойнаушылар команда бойынша, орнында тұрып волейбол добын бір-біріне мына тәртіппен лақтыра бастайды: 1—7, 7—3, 3—9, 9—5, 5—11, 11—4, 4—10., 10—2, 2—8, 8—12, 12—6, және 6—1 яғни бірінші номерлі бала допты жетінші номерлі балаға, ал жетінші ойыншы үшінші ойыншыға лақтырады. Ойын басталысымен қатысушы допты қабылдамаса немесе өз серігіне бермей қойса, оған айыпқа ұпай салынады.



Ойын 15 минутта бітеді. Ойынның барысында айып тартып ұпайды аз алған адам ұтып шығады.


Ойыншыларға шеңбердегі орнын ауыстыруға рұқсат етілсе, ойын тіпті қызу өтеді. Бірақ бұл жағдайда, орын ауыстырғанда доп ауада болуы шарт. Мысалы: бірінші номер жетіншіге допты бергенде, жетінші үшіншіге лақтырады. Демек, үшінші номер бірінші номер лақтырған доп жетінші номердің қолына тимей тұрып, орын ауыстыруы керек.

ТАУ ТРАКТОРЫ

Ауа райының жылылығын пайдаланып Кавказ шыңының Триалит бөктеріндегі машина сынау станциясы «ДТ-57» тау тракторын сынақтан өткізді. Бұл машина біздің еліміздегі таулы жерлерді мекендеуші республикаларға өте қажет.

Машина бөктердегі жердің қыртысын қалың копара өрге көтеріледі. Бұның осылайша өрлеуіне машинаға жаңадан қосылған қозғаушы бөлшектер жәрдемдеседі. Ол бөлшектер жерге мықты табан тірей қозғалуын күшейтеді. Егер жай тракторлар тіркеулі құралдармен тек 10—12 градусқа өрлей алатын болса, бұл жаңа тракторға 20 тіпті 25 градусқа көтерілу қиын емес. Тау тракторын кері бұрып жатпау үшін оған арнаулы екі ұнтақтаушы соқа орнатылған: оның бірі тұмсығына орнатылғанда, екіншісі артына тіркелген. Соқаның бірі жұмыс істегенде екіншісі қаңтарулы болады.

Сталинград трактор заводы жақын арада мұндай тракторлардың алғашқы бір тобын тәжірибе үшін жасап шығарады.



«ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КРОССВОРД»

Тігінен:

1. Хапой. 2. Висла. 4. Минск. 5. Пекин. 7. Рим. 12. Қытай. 13. Памир.

Көлденеңінен:

3. Дания. 6. Нигер. 8. Терек. 9. Фин. 10. Псков. 11. София. 14. Париж.


жасаған А. Сқаков.

Қарағанды облысы.

«ШАРАДА» Өскемен.

Дұрыс шешуін бірінші жібергендер: Д. Сейсенбеков, Қ. Бекмаханбетов (Жамбыл облысы). Х. Айтыкеева, С. Данағұлова (Жамбыл қаласы) Қ. Ахметов (Алматы облысы)

СӘТСІЗ САЯХАТ




Ертеменен ол тұрып,
Саяхатқа жыйналды.
Қапшығына толтырып,
Салды допты, құмғанды.

Жолға шықты көп бала,
Қыйнады оны ауыр жүк.
Достар озы топтана,
Кейін қалды ол абыржып



„Неткен сәтті сапар“, деп
Сыбырлайды жапырақ.
Үйге қайтты Сапарбек,
Үйден шықпай жатып-ақ.



Көп жүрмеді, әл бітті.
Әл бітті де отырды.
„Бағыр“ сүйтіп қалғыпты,
Түс керіпті не түрлі.

Аржағынан „дөдет“ деп,
Бір машина таяды.
Ол жүгірді дедектеп,
Шофер оны аяды.

